



● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ



Қасым атты қас батыр

Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған майдангер
Қасым Ахметов туралы сыр

Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ

Ұлы Отан соғысында ескерусіз қалып, тарих қойнауына кеткен талай оқиғалар мен деректер аз емес. Әсіресе, көзсіз ерлігінің арқасында Кеңестер Одағының Батыры атағына ұсынылып, кейін түрлі себептермен сол марапаттарды ала алмай кеткен боздақтар қаншама? Әрине, сұрапыл майданға ешкім батыр болу үшін бармағаны анық және ұрыс кезінде көрсеткен ерлігін бұлдап, орден-медаль, даңқ сұраған жоқ олар.

Қысқа ғұмыры ерліктің үлгісіне толы осындай батырларымыздың бірі – жерлесіміз Қасым Ахметов. 1943 жылы 30 желтоқсанда 63-армияның 41-атқыштар дивизиясы 244-атқыштар полкі 2-атқыштар ротасының бөлімше командирі кіші сержант Қасым Ахметовтің Кеңестер Одағының Батыры атағына ұсынылғаны туралы дерек 70 жылдан кейін табылып отыр. Өткен аптаның аяғында Ресейдің қорғаныс министрлігінің бас

мұрағатынан соғыста қаза тапқан аталарын іздеуге кеткен Асановтар кездейсоқ Қасым Ахметовке қатысты тың дерек тауыпты. Ол әлгінде айтқан жоғары марапатқа ұсыну туралы қағаздың көшірмесі. Бұл сүйінші хабарды майдангердің жақындары тілшілер қауымымен бөлісіп отыр.

СУРЕТТЕ: Баспасөз мәслихатында.

15-бет

● «АГРОНАУҚАН – 2015»

Көрменің көмегі көп

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Сәрсенбіде Қостанайда тұңғыш рет «Агронауқан – 2015» ауылшаруашылық көрмесі өтті. Оған егін шаруашылығына қажетті техника, өзімізде құрастырылған жеңіл көліктер, түрлі қондырғылар, тұқым, тыңайтқыштар, мал өнімдері қойылды.

Жалпы, бұл ауқымды шараға еліміздің Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Ресейдің Челябин облысынан келген кәсіпорын өкілдері қатысып, өз өнімдерін

көрсетті. Ауылшаруашылық көрмесін облыс әкімі Нұралы Садуақасов аралап көрді. Ол шетелдік ауылшаруашылық техникасы мен қондырғыларын ұсынушы кәсіпорын жетекшілерімен пікірлесіп, мұндай шаралардың диқандарға тиімділігін атап өтті. Ал бизнес өкілдері өз өнімдерін жарнамалауға жасалған зор мүмкіндік үшін аймақ басшысына алғыстарын айтты. Тіпті, көрме үстінде ауылшаруашылық техникасын қолма-қол сатып алғандар да болды.

«Біз егін алқаптарын химиялық өңдеу-



ден өткізуге арналған шағын ұшақтарды да жеткізіп беруге әзірміз. Мәселен, өздеріңіз көріп тұрған «Арай» деп атала-

тын мына авиациялық ұшақтар Алматы қаласында шығарылады. Бұдан басқа да егін орағына қажетті соңғы үлгідегі қондырғылар әкелеміз», – дейді «Мотор-деталь» ЖШС директорының бірінші орынбасары Абай Шалабаев. Бұл мекеме РФ, Украина және Беларусьтің Қазақстандағы жалғыз ресми дилері. Кәсіпорын облыс ауылшаруашылық тауар өндірушілерін осы үш елде шығарылған сапалы техника және қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етіп келеді.

4-бет

Қостанай қаласы сайлаушыларының назарына!

2015 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтеді.

Сайлаушы тиісті сайлау учаскесінде тек ресми тіркелген орны бойынша дауыс беруге құқылы. Қала шеңберіндегі нақты тұратын жері бойынша дауыс беруге болмайды.

Сайлаушылардың тізіміндегі өзіңіз туралы мәліметтерді нақтылау үшін колл-орталыққа мына телефондар бойынша қоңырау шауыңызға болады: 575-710, 575-721, 575-730, 575-740, 575-772.

Мақсат – ақпарат беру

Гүлназым
САҒИТОВА

«Грин» Қостанай облысындағы азаматтық альянсының қоғамдық қоры» облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға бағытталған кешенді шараларды өткізу» әлеуметтік-маңызды жобаны жүзеге асырып отыр. Қордың төрайымы Д. Өтебаеваның айтуы бойынша жобаның мақсаты – жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңнамасы туралы облыс жұртшылығын хабардар ету аясында ақпараттық кампания өткізу. Және де жергілікті өзін-өзі басқару туралы тұжырымдама мәселесін жүзеге асыруға байланысты семинар, баспасөз мәслихатын басқа да іс-шаралар өткізу көзделіп отыр. Сол секілді ағымдағы жылдың күз айларының бірінде осы мәселеге қатысты проблемаларды талқылау үшін ғылыми-практикалық конференция негізінде диалогтық алаң өткенін де айтқанымыз жөн. Жобаға байланысты қоғамдық тыңдау барысында жиналғандар өз ойларын, пікірлерін, ұсыныстарын жеткізді.

«Хан тағдыры – ел тағдыры»

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының мәжіліс залында осындай атаумен қазақ хандығының 550 жылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.

Конференция жұмысына қала әкімі Ғ. Бекмұхамедов қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Институт ректоры ғ.ғ. докторы, академик С. Қуанышбаев жүргізіп отырды.

Пленарлық мәжілісте жазушы, ҚР мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қ. Салғараұлы «Ортақ танымға – бір тамшы ой», өлкетанушы, ҚР ауылшаруашылығы саласының ардагері М. Қоденов «Хақназар ханның бітімгершілік саясаты», өлкетанушы, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Б. Уахитов «Қазақ халқының Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалысы», тарихшы, ҚР білім беру ісінің үздігі, ҚХА мүшесі Ж. Ғапбасов «Керей мен Жәнібек қазақ хандығының негізін қалаушылар», ақын, ҚР халыққа білім беру ісінің озық қызметкері М. Жапаров «XVI-XVII ғасырдағы қазақ хандығы және «Қасым ханның қасқа жолы», оюшы, қолөнер шебері, өлкетанушы, АрқМПИ «ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» бөлімінің маманы Ш. Бәйділдін «Қазақ халқының бірлігін сақтаудағы Абылай ханның алатын орны», облыстық «Дала өлкесі тарихи мұражайының басшысы Г. Елтебаева «Қазақстан музейлерінде сақталған қазақ хандығына байланысты материалдар мен жәдігерлер» тақырыптарында баяндама жасады.

Баяндамашылар еңбегі институт баспаханасынан арнайы жинақ болып, жарық көрді.

Арқалық қаласы.

● ҰЛЫ ЖЕҢІС - 70

Қазақстандық «Жеңіс лентасы»

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Елімізде Жеңіс күні қарсаңында Георгиев лентасын тарату дәстүрі қалыптасқан еді. Биыл оның орнын жаңа «Жеңіс лентасы» алмастыруы мүмкін. Бұл туралы YK-news.kz ақпараттық порталында жазылған.

Аталған порталдың ақпараты бойынша қазақстандық «Жеңіс лентасын» нобайы Астанада жасалған. Мерекелік лента Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің – 70 жылдығына орай дайындалып отыр. Лента көк түсті жібек матадан тігіледі. Оның ұзындығы 30 см., жиегі ою-өрнекпен әрленеді. Ал шетіне ҰОС ордені бейнеленбек. Сонымен қатар «9 мамыр – Жеңіс күні. 1941-1945 жылдар» деген сөйлем жазылады. Шығыс Қазақстан облысында «Жеңіс лентасын» ең алдымен ардагерлерге сыйға тарту жоспарланып отыр. Ал Қостанай облысында бұл туралы ресми ақпарат жоқ.



ЖӘРМЕҢКЕ!

4 сәуір сағат 9.00-де Сити-Орталықта облыстың аудандары мен қалалары тауарөндірушілерінің қатысуымен ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтеді.

Қосымша ақпарат тел.: 575 - 773.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Жекешелендірудің екінші ТОЛҚЫНЫ

Қымбат
ДОСЖАНОВА

«Жекешелендірудің екінші толқыны» шеңберінде биыл Қостанай облысының аумағында 2 спорт клубы және БАҚ саласында 9 субъект сатылады. Бұл туралы облыстық қаржы басқармасының басшысы Сәуле Аймұхамбетова айтты.

Аталған ведомства басшысының айтуынша, былтыр 15 объектіні сату жоспарланды. Іс жүзінде соның жетеуі жекешелендірілді. Ал биыл «Тобыл» футбол клубы» ЖШС, «Тобыл» баскетбол клубы ЖШС, «Сарыкөл» газетінің редакциясы» ЖШС, «Әулікөл» газеті» ЖШС, «Біздің Торғай» газеті»

ЖШС, «Аманкелді арайы» газетінің редакциясы» ЖШС, «Қарасу өңірі» газетінің редакциясы» ЖШС, «Наурызым тынысы» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС, «Рудный дауысы» Рудный қалалық телерадиохабар редакциясы» ЖШС, «Рудненский рабочий» қалалық газетінің редакциясы» ЖШС жекешелендіруге өтпек. Алдағы жылы білім, денсаулық сақтау, спорт, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларының 15 объектісін сату жоспарланып отыр.

– Мүлкті жекешелендіру әлемдік тәжірибеде оң нәтижесін беруде. Әсіресе, Еуропа елдері мен АҚШ-та қолданыста бар рәсім. Біздің елімізде «Жекешелендірудің алғашқы кезеңі» 2001 жылы басталды. Оның мақсаты – ҚР заңнамасына сәйкес рәсімделмеген немесе тиісті емес тұлғаға рәсімделген мүлікке мемлекеттің құқықтарын тану. Яғни бар мүлкті жария етуге, заңды айналымға шығаруға мүмкіндік береді, – деді облыстық қаржы басқармасының басшысы Сәуле Аймұхамбетова.

Сайлауға бақылау жасамақ

Қостанайда Қазақстан Республикасында 2015 жылғы 26 сәуірде өтетін Президент сайлауын бақылау жөніндегі республикалық қоғамдық комиссияның филиалы өз жұмысын бастады. Бұл туралы облыстық баспасөз клубында өткен журналистермен кездесуде айтылды.

Аталған комиссияның мақсаты – ҚР «Сайлау туралы» Заңының сақталуына бақылау жүргізу. Яғни сайлаудың заң талаптарына



сәйкес өтуін қадағалау. Республикалық комиссия 26 наурызда Астана қаласында өз жұмысын бастаған болатын.

– Мұндай филиалдар еліміздің барлық өңірлерінде құрылды. Олар сайлаудың әділ өтуін, учаскелік комиссиялардың, сайлауды штабтардың сайлау заңдылығын сақтауын қадағалайды, – деді республикалық қоғамдық комиссиясы облыстық филиалының төрайымы Тамара Жақыпова.

«Кәсіби шеберліктің үлгісі»

Міне, дәл осындай тақырыппен Урицкий орта мектебінде тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген кітапханашысы Н.Қ. Дәулетованы еске алуға арналған Дәулетова оқулары өтті. Оны Л.Н. Толстой атындағы ОӘҒК мен Н.Қ. Дәулетова атындағы аудандық орталық кітапханасы ұйымдастырды.

Облыстық деңгейде өткен келелі конференция жұмысы аудандық кітапханаға экскурсия жасаудан басталды. Содан кейін көптен күткен оқу басталып, оны облыстық кітапхана директорының орынбасары Сәния Безаубекова жүргізіп отырды.

Алдымен, аудан әкімінің орынбасары Елжан Тұрабеков құттықтау сөз сөйледі. Сосын ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ақын, публицист, драматург Ақылбек Шаяхмет – «Қазақ қызы», химия ғылымдарының кандидаты, «Petroleum» ЖШС-нің басқарушы директоры, атақты кітапханашының қызы Ғалия



Хакімжанова online бойынша – «Мәңгі есте сақтау», Оқу ісінің үздігі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы саяси кеңесінің мүшесі Қаду Сақауов – «Кітапхана ісіне бейімділігі», Сарыкөл халық театрының жетекшісі әрі режиссері, өлкетанушы Валерий Стародубтар – «Сарыкөл жерінің мақтанышы» атты баяндамаларын жасады. Мұны бас-аяғы елуге жуық адам тыңдады, олардың қатарында Н.Қ. Дәулетованың туысқандары, ауылдық және мектеп кітапханашылары да болды.

Ауданда алғаш рет өткен Дәулетова оқулары екі бөлімнен тұрды. Біріншісі жоғарыдағыдай ба-

яндамалардан құралса, екіншісі еске алу кеші деп аталды. Оны естен кетпестей етіп өткізуге өңір көркемөнерпаздары өз үлестерін қосты. Сондай-ақ, конференция барысында «Кәсіби шеберліктің үлгісі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, Н.Қ. Дәулетованың мемориалдық тақтасына гүл шоқтары қойылды.

Жалпы, шарапаты мол шараның басты мақсаты – Нәзира Дәулетованы еске алу, оның мұраларын насихаттау және кітапханашы мамандығының беделін көтеру болды.

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

Бизнес бәсекеге бағынышты

**Жұматай
КӘКІМЖАНОВ**

Ресей рублі құнсызданғалы көрші елден көлік тасып, мез болған қазақстандықтардың қуанышы ұзаққа созылмайтын сыңайлы. Бұлай дейініміз, жақын арада жеке тұлғаларға да бұрын қолданыста болған көліктерді елге енгізуге тыйым салынуы ықтимал. Мұндай ақпаратты ҚР Инвестиция және даму министрлігінің көлік жасау басқармасының жетекшісі Серік Рахымов таратып отыр. Білік өкілінің уәжіне құлақ асар болсақ, мұндай қадам елді ескі-құсқыдан арылту үшін жасалуда. "Кедендік Одақ аясындағы елдерден тасылып жатқан темір тұлпарлардың басым бөлігі Еуро-4 стандартына жатпайды. Тек, ресми диллерлер ғана ҚР заңдарын сақтап, жаңа көліктерді енгізіп жатыр. Салық төлеп, мемлекетіміздің мүмкіндігін кеңейтуде", – дейді ол.

Кедендік Одақ – қазақстандықтарға көліктерін жаңартпаса да, жылын жасартатындай мүмкіндік берген еді. Сондықтан да, шенеуніктердің шектеуін қарапайым халық үшін жағымды жаңалық деп айта алмайсыз. Ал көлік құрастырып, қалтасын қампайтып жатқандарға үлкен мүмкіндік берілері анық.

Өзіміздің өніміміз қолжетімді болса, өзгенің қалдығына көз алартып қайтпекпіз?! Сырттан көлік тасып, темір тұлпарды тізгіндегендердің айтар әңгімесі осы. Расында да, Қазақстанда көлік құрастыратын бірнеше зауыт бар. Бір Қостанайдың өзінде ғана Сан-Йонг, Пежо, талайды тамсандырған Тойота іспетті жеңіл көліктердің түр-түрі құрастырылады. "АгромашХолдинг" АҚ 2014

жылдың өзінде ғана, 8,5 мың темір тұлпар шығарды. Үстіміздегі жылы өнім мөлшері 20 мыңға жеткізілуі тиіс еді. Десек те, рубль бағасының құнсыздануы мен Кедендік одақтың күшіне мінуі – көлік құрастырушыларды тығырыққа тіреді. Қазақстандықтар отандық су жаңа өнімді алмай, Ресейде шығарылған темір тұлпарларға қырғидай тиді. Ал жаңасына күші жетпегендері қолданыстағы көліктерге жайғасты. Осылайша, Тобыл өңіріндегі өндірушілер тұтынушыларынан әп-сәтте қағылды да қалды.

Үстіміздегі жылдың қаңтар, ақпан айларында Қазақстанға көрші елден 50 мыңға жуық көлік енгізілген. Құзырлы мекеме өкілдері келтірген ақпаратқа жүгінер болсақ, олардың дені еліміздің экологиялық талабына сай емес. Мұның есесіне, олардың бағасы отандық өнімнен екі есе арзан. Қарапайым ғана мысал, Қостанайда құрастырылатын Toyota Fortuner көлігі бізде 44 500 АҚШ долларынан сатылуда. Ал көліктің дәл осы түрі Ресейде 35 000 АҚШ долларына саудаланады. Көпшіліктің қолы жете бермейтін Пежо 301 көлігі бізде 12 500 болса, Ресейде – 8 000 АҚШ долларынан алуға болады. Қазақстанда көліктің анағұрлым қымбат екенін ресейліктер де жақсы біліп алған. Көпшілікке кеңінен танымал "Kolesa.kz" порталына кірсеңіз, көрші елдің пысықтарының өз көліктерін қазақстандықтарға тиімді бағамен "тыппалап" жатқанын аңғару қиын емес. Солардың тұсында тұрған Қазақстанда шығарылған көлік құнының шектен шыққанын да еріксіз көзіңіз шалады.

Қанша жерден "патриот" болса да, "өкесінің құнындай" баға

мен сатылып жатқан отандық өнімді алғанша, орыстың ескісін саудалаған әркім үшін пайдалы. Отандастарымызды өзіміздің өнімге қайта бұрудың басты амалы – тауардың сапасын жақсартып, бағасын тезге салу. Мұндай жағдайда, көршіміздің ескісіне ешбіріміздің де көз қырымызды салмасымыз анық.

Жұмыр жерді жайлаған қаржы дағдарысы мен көрші елге салынған экономикалық санкцияның салдарынан тұралап қалған отандық автоөндірісті дамыту мақсатында, мемлекет тарапынан қомақты күш салынууда. Атап айтар болсақ, қазақстандық көлікке жайғасқысы келгендерге 3-5 жылға 4 пайыздан несие беру қарастырылған. Бұл үшін бюджеттен 20 млрд. теңге бөлінбек. Мұндай мүмкіндіктің Кедендік одақ аясындағы елдер арасында тек Қазақстанда ғана беріліп отырғанын айта кеткен жөн. Қаржылық қыспаққа алынған Ресейдің өзінде автокөлік жасайтын зауыттар өнімдерін қысқартып, бірінен соң бірі жабылып жатыр. Мысалы, көрші елдің Калуга облысындағы Peugeot және Citroen көліктерін құрастыратын зауыт өз жұмысын жазға дейін тоқтатуды жөн көріпті. Осының салдарынан, жүзден астам жұмысшы қызметінен қағылмақ. Мекемеде тек Mitsubishi көлігі ғана құрастырылатын болады. "ПСМА Рус" концерні өз өнімдері бағасын төмендетуді жоспарлап отырған көрінеді. Ресейдің өзге де кәсіпорындары көлік бағасын төмендету арқылы тұтынушылар қатарын қалыңдатуды жоспарға алған. Қазақстандық кәсіпорындарға да сынықты сылтау қылғанша, осындай әдіске көңіл аударғаны абзал.

Тобыл Торғай Тынысы

Жолға 12,1 млрд. теңге жұмсалады

Облыста. Үстіміздегі жылы Тобыл өңірінің жол инфрақұрылымына 12,1 млрд. теңге жұмсалады. Жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары басқармасы келтірген ақпаратқа жүгінер болсақ, облыс көлеміндегі жолдардың 60 пайызының күйі орташа. Ал аудандарға тиесілі жолдардың басым бөлігі жүруге жарамсыз көрінеді. Бөлінген қаржыға соларды жөндеу қарастырылған. Сондай-ақ, Қарабұтақ – Қостанай бағытындағы жолды жаңартуға жұмсалады.

Білім ошақтары жаңартылмақ

Қостанай қ. Биыл республикалық бюджеттің күшімен қолға алынған 280 орындық балабақша мен мемлекеттік тілде тәлім беретін мектеп қолданысқа енгізіліп, бес мектептің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталмақ. Ал қалған білім ошақтарын жаңартуға жағдай жоқ. Тек ағымдағы жөндеуге ғана қаржы қарастырылып отыр. Қала бойынша осы мақсатта 100 млн. теңге қарастырылды.

Балабақша саны артады

Лисаков. Қалада тағы бір білім ошағы бой көтермек. 280 орындық балабақша құрылысына 649,9 млн. теңге қарастырылуда. Қаржының басым бөлігін Ұлттық қор көтереді. Ал облыстық бюджеттен 16,6 млн. теңге қарастырылмақ. Мектепке дейінгі тәрбие ошағы алдағы жылы қолданысқа енгізіледі. Бұдан өзге 1 шағын аудандағы балабақшаның жөндеу жұмыстарына 50 млн. теңге бөлінгенін айта кеткен жөн.

Жәрмеңке орталықта өтеді

Қостанай қ. Сенбіде өтетін кезекті ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі бұл жолы сити орталықта өтетін болады. Жәрмеңкеде 100 тоннадан астам азық-түлік өнімдері, соның ішінде 25 тонна ет сатылады деп күтілуде. Сондай-ақ, азық-түлік өнімдерінің бағасы да сол қалпында қалмақ, мәселен сиыр етінің келісі 800-950 теңгеден, шошқа 800-900 теңге, қой еті 900 теңгеден сатылымға түспек.

Тасқынға – тосқауыл

Қарасу. Көктем туысымен ауыл тұрғындарының көңілі алаң. Алты ай қыста қар жамылған елді мекендерді көктемде күн күрт жылынса су басады. Мәселен, "новопавловтықтар" жолды жауып тастаған оппа қарларды аршып, су жүретін арықтарды тазартты. Сөйтіп, қар суын алқаптарға ағызып жүру шараларын жасап алды. Тұрғындар үшін ең бастысы аудан орталығы мен Қостанайға қатынастың үзілмеуі.

Құстар әлемі

Аманкелді. Құстар күніне орай аудандық балалар кітапхана-сында "Құстар көктем қонағы" атты әдеби сазды кеш ұйымдастырылды. Құстар туралы тақпақтар айтылып, жұмбақтар жасырылды. Мұндай шағын кештің пайдасы оқушыларға құстар туралы мағлұмат беру, олардың тіршілігі туралы білімдерін дамыту, ата-бабамыздың құстарды қалай қастерлеп құрметтегені туралы айтып ой-өрісін дамыту. Мұндайды көрген балғындар құстарға қамқор болуға үйренеді.

Алтыннан алқа тақты

Рудный. Сыктивкарда өткен әлем біріншілігінде Светлана Парисееваның бағы жанды. Осыменен 35-ші рет ұйымдастырылып отырған додаға түскен рудныйлық спортшы 15 шақырымдық қашықтықты бірінші болып бағындырған спортшы алтыннан алқа тақты. Сондай-ақ, 30 шақырымдық сайыста қола жүлдені еншіледі. Айтулы сайыста әлемнің 17 елінің туы тігіліпті.

● КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

Өмірдегі өзекті сауалдар

**Руслан
ӘЛКЕЕВ**

Жақында мүгедектер мәселесі бойынша облыс әкімінің кеңесшісі Аслан Дабылов Сарыкөлде болып қайтты.

Аслан Жұмағалиұлы аудан әкімінің орынбасары Елжан Тұрабековпен бірге сауда нүктелері мен білім беретін нысандарды аралады. Ондағы орнатылған пандус табалдырықтары мен оның ұстайтын жерлерін жіті қадағалады. Себебі мүмкіндігі шектеулі жандардың елгі нысандарға емін-еркін кіріп-шығуына қаншалықты жағдай жасалғандығына баса көңіл бөлді. Сондай-ақ, ол өз сөзінде мүгедектер үшін кез-келген мекемеге келгенде ешбір қиындықсыз қызмет көрсетілу керектігін атап өтті.

Айта кеткен жөн, ағымдағы жылдың жазында біздің өңірде мүмкіндігі шектеулі жандардың спар-



такиадасы өтеді. Оған аймақтың түкпір-түкпірінен қонақтар келеді. Сондықтан, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ауданның кез келген мекемесін еш кедергісіз аралауына осы бастан жағдай жасалмақ.

Сарыкөл ауданы.

Қостанай облысы әкімінің аппараты 2015 жылғы 15 сәуірге дейін жұмысқа орналаспаған дәрігерлердің мониторингін өткізеді. Аталған санаттағы тұлғаларға мына телефондар бойынша байланысуды сұраймыз 575-084, 575-057.

Аппарат акима Костанайской области до 15 апреля 2015 года проводит мониторинг наличия нетрудоустроенных врачей. Лица указанной категории просим позвонить по телефонам 575-084, 575-057.

Көрменің көмегі көп

1-бет – Көктемгі егіс науқаны алдында тауар өндірушілер үшін мұндай көрме өте тиімді. Неге десеңіз, жермен жұмыс істейтін кез келген шаруаның күні бойы теледидар немесе газет қарауға мүмкіндіктері бола бермейді. Ал мына жерде кімге қандай техника қажет, бәрі тұр. Әркім таңдағанын алуға мүмкіндік зор. Сондықтан, бүгін осында 65 кәсіпорын келіп, өздерінің тауарларын көрсетіп жатыр, – дейді облыс әкімінің орынбасары Базыл Жақыпов.

Қостанай облысы – еліміздегі ең ірі дамыған көпсалалы агро-өнеркәсіптік кешен. Республикадағы барлық астықтың 25%-ын Тобыл өңірінің диқандары өндіреді. Қостанай бидайы өз елімізде ғана емес, шет мемлекеттердің де сұранысына ие. Соңғы жылдары облыс шаруалары тек бидай өсірумен шектелмей, жерді әртараптандыруға мейлінше көңіл бөле бастады. Яғни майлы дақылдар, мал азығы да қажет.

Қостанай ауданындағы "Естаев" шаруа қожалығының жетекшісі Ибраш Естаевпен әңгімелескенде, ол мұндай шараның шаруалар үшін пайдасы зор екендігін айтты: "Егер сапаға көңіл бөлем деген, жерде өнгенді бір түйір дөніне дейін шашауын шығармай жинап алам деген адам бәрібір озық үлгідегі техникаға иек артады. Өйткені бұрынғы тракторлардың заманы өткен. Шетелдік техника төзімді әрі өнімділігі екі-үш есе жоғары".

Облыс ауылшаруашылық бизнесі облыс пен республикадағы, сондай-ақ Еуразиялық экономия-



калық одаққа мүше елдеріндегі кәсіпорындармен тығыз қарым-қатынас орнатуға пейілді. Бұған облыс басшысы Н.Садуақасовтың тапсырмасымен ұйымдастырылған "Агронауқан-2015" ауыл-

шаруашылық көрмесі айқын дәлел. Бұдан былай мұндай көрме әрбір екі жыл сайын өтіп тұратын болады.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Сержанттар кісі тонаушыны қолға түсірді

Полиция сержанттары Шыңғыс Жақыпов пен Нұрсұлтан Қойшекенов 15 минуттың ішінде кісі тонаушыны қолға түсірді.

№340 автопатрулінің құрамында кезекшілікке шыққан сержанттар Карбышев көшесінде зейнеткер әйелдің сөмкесін белгісіз біреудің тартып алып кеткені туралы хабар алды. Оқиға болған жерге келген полицейлер қарда қалған тонаушының іздерін байқап қалды. Із кескен тәртіп сақшылары Ленинград көшесіндегі бір үйдің жанына келді. Үйдің ауласына енгенде бір жас жігіт қарсы шықты. Ол қолындағы күреппен ізін жаппақ болған екен. Полицейлерді көрген ол сасып қалды. Үйде полицейлер керует пен төсеніштің астына тығылған әмиян мен сөмкені тапты. Жігіттің ата-анасы балаларының бұл қылығына таң қалды. Отбасының тұрмысы жақсы. 19 жастағы колледж оқушысы мұндай қылмысқа неге барғанын түсіндіре ал-



мады. Сол күні зейнеткерге зейнетақысы қайтарылды. Аталмыш факті бойынша күдіктіге қатысты қылмыстық іс қозғалды.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Президенттік тест тапсырды

Спорттық іс-шара Қостанай ауданының За-тобол кентіндегі стадионда болды. Барлық қызметкерлер жүгіру-жүру қашықтығын уақытпен өтті.

Бекітілген нормаға сәйкес қыс мерзімінде шаңғы тебуден өтеді. Қардың болмауына байланысты бұл тәртіп баламасы ретінде жүгіру-жүруге алмастырылды. Спорттың бұл түрі салауатты өмір салтын дәрiптeп, жеке құрамның жауынгерлік және қызметтік дайындығын жоғарылатудың пайдалы құралы болып табылады. Жүгіру соңынан президенттік тест бойынша қорытынды шығарылды. Балама іс шаралар облыстың барлық бөлімшелерінде өткізілді.

"Қостанай облысы ТЖД ӨС және АҚЖҚ" ММ баспасөз қызметі.



● КӨКТЕМГІ ЕГІС



Дала жұмыстарына дайын

Әлібек ЫБЫРАЙ

Көктемгі дала жұмыстарына қостанайлық диқандар биыл ерте қамданып жатыр. Өйткені өткен жылғы ауа-райының қолайсыздығынан шаруалар көп мөлшерде шығынға батқаны белгілі. Сондықтан, "қамдансаң, қапы қалмайсың" деген қағиданы басты назарда ұстаған ауылшаруашылық тауар өндірушілері алдағы науқандық өзірліктерін күні бұрын тиянақтап алды.

– Диқандардың көктемгі егіске дайындығы жаман емес. Былтырғы егін орағының қандай болғанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Астық сапасын жоғалтты. Қажетті тұқым қорын жеткілікті мөлшерде жасай алмадық. Қамбаға 114 мың тонна тұқымдық астық кем құйылды. Қайта шаруалардың жағдайын түсінген ел Үкіметі дер кезінде қол ұшын созды. Өткен желтоқсан айынан бастап ҚР Ауылшаруашылық министрлігінің көмегі арқасында егін өсірушілерді қолдауға қаражат бөліне бастады. Бүгінгі таңда көктемгі егісті өткізуге және тұқым сатып алуға бөлінген қар-

жының көлемі 6 млрд. 800 млн.теңге. Соның 70%-ын игердік, яғни тиісті қаржы шаруа қожалықтарының қолына тиді. Оның сыртында біздің облысқа жеңілдетілген бағамен 71 мың. тонна жанар-жағар май берілді, – дейді Базыл Жақыпов.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, биыл шаруалар 4 млн. 700 мың гектарға дәнді дақылдар сеппек. Оның ішінде майлы дақылдар мен мал азығын молырақ өсіруге ден қойып отыр. Мәселен, Қостанай ауданына қарасты "Естаев" шаруа қожалығы 13 мың гектарға егін ексе, соның 30%-ына күнбағыс, сулы және басқа да жемшөп түрлерін өсіреді.

– Тұқым жеткілікті. Оның үстіне 270 тонна жанар-жағар майды тасып алдық. Енді мамыр айына дейін тағы 130 тонна сұйық отын әкелеміз. Техника паркін өлдеқашан жаңалап алғанбыз. Қысқасы, алдағы егіс жұмыстарына дайынбыз. Биыл ылғалдың мөлшері де көңілге медеу, – дейді шаруа қожалығының жетекшісі.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Қысқарту орын алған

Айбек КӘДІРҰЛЫ

Әлемді жайлаған қаржы дағдарысы еліміздегі кәсіпорындарға өз салқынын тигізбей қойған жоқ. Яғни ішкі-сыртқы сауда нарығы бөсеңдеп, өнім өндіруші кәсіпорындар амалсыз "жан сақтау" қамына кірісті. Мәселен, 2014 жылдың 1 қазанынан үстіміздегі жылдың 6 наурызына дейінгі аралықта облыстағы "Казогнеупор" зауыты" ЖШС, "KMG-Security" ЖШС, "Костанайское эксплуатационное вагонное депо" ҚТЖ ҰҚ АҚ филиалы, "Казпочта" АҚ, "Trans Well Company" ЖШС, "Транс-РудныйАвто" ЖШС-і сияқты алты кәсіпорында 108 адам жұмыстан қысқартылған. Оның 58-і биылғы жылы еріксіз өз орындарын босатыпты.

Дегенмен тиісті органдар бұған көз жұмып отырған жоқ. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ерлан Жаулыбаев жұмыстан босап қалған 57 адам басқа жұмысқа орналастырылғандығын айтады. Ал 2 адам өздерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру үшін оқып жатыр. Зейнетақы жасына жеткен 31 адам жұмысқа тұрудан өздері бас тартқан. Сондай-ақ, 4 адам басқа облыстың тұрғындары. Қалған 18 адам жұмыспен қамту органдарына тіркелді. Қандай да бір жұмыс көзі пайда болған жағдайда олар еңбекке қайта оралады, – дейді бас-қарма басшысы, – Әулиеқөл ауданындағы "Приозерный" көмір кеніші" ЖШС, Лисаков қаласындағы "Лисаковскрудстрой" ЖШС және "Алтын Өмір" ЖШС-і сияқты үш кәсіпорында барлығы 278 адам жұмыс істейтін болса, соның 31-і мәжбүрлі демалысқа шығарылған".

Жалпы, облыста өнеркәсіп кешендерінде тұрақты жұмыс орындарын сақтап қалу мақсатында бірқатар меморандумдарға қол қойылғаны белгілі. Соған сәйкес құзырлы органдар тарапынан тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын хабарлады басқарма мамандары.

лықтар. 10.10 "Өзгерген өмір". 10.30 "Фериха". 11.30 "Қыз ғұмыры". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Біз біргеміз. 13.35 Той жыры. 14.00 Новости. 14.10 "Лист ожидания". 15.15 "Өзгерген өмір". 16.35 Сделка. 17.00 Такси. 17.30 "Фериха". 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Лист ожидания". 22.00 "Фериха". 23.00 Sky-studio. 23.50 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Қайырлы таң. 9.05 "Окно в...". 9.35 TED: Идеи, достойные распространения. 10.05 Сағыныш сазы. 10.35 Атакөсіп. 11.00 "Эврика". 11.30 "Кемел кеңістігі". 12.05 "М. Фриман: уақыт пен кеңістікке саяхат". 13.05

Онлайн Астана. 15.00 "Ежелгі Рим. Империяның өркендеуі мен құлауы". 16.00 "Лидер ХХІ века". 17.30 "Үкілі домбыра". 18.05 "М. Фриман: уақыт пен кеңістікке саяхат". 19.50 Қылқалам. 20.40 Семь муз. 21.00 Қазақстан в письмах. 21.20 "Танцующий мир". 22.00 Онлайн Астана. 22.50 Концерт. 0.20 "Ежелгі Рим. Империяның өркендеуі мен құлауы".

НТК

8.00 Ревю. 8.25 Жасырын камера. 9.00 Ревю. 9.30 "Универ". 10.30 "Интерны". 11.00 Однажды в России. 11.30 "Сашатаня". 12.00 "Деффчонки". 12.30 М.с. 15.30 Салем ВОХ. 16.30 "Ғарыштан келген ғашығым". 17.40 Күлкі базар. 18.10 Тематик-шоу.

19.00 "Деффчонки". 19.30 "Сашатаня". 20.00 Однажды в России. 20.30 Ревю. 21.00 "Универ". 22.00 "Интерны". 22.30 Ревю. 23.00 Жасырын камера. 0.00 Х.ф. "Сайлент Хилл 2".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Айна online. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом! 10.00 О самом главном. 11.00 Домашний ресторан. 12.00 Баспана бабы. 13.00 Қыздар арасында. 14.00 Сотқар балалар. 14.30 Айна online. 15.00 "Гадалка". 16.00 "Вдова". 17.00 СвидЕТИли. 17.30 Страсти у плиты. 18.00 "Арам ақша. Адал махаббат". 19.00 Айна online. 19.30 Моя история. Т. Цой. 20.00 7 NEWS. 21.00 Человек-невидимка. 22.00 Экстрасенсы против ученых. 23.00 Қорқы-

ныш факторы. 0.00 Т.с. "Сонная лощина".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Сен келерсің 2". 8.00 "Үмітінді үзбе". 9.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 10.00 "Городские легенды 3". 12.00 Мультсериалы. 15.00 "Счастливы вместе". 19.00 "Кухня". 20.00 Информбюро. 21.00 "Үмітінді үзбе". 22.00 "Сен келерсің 2". 23.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 00.00 Х.ф. "Пятница, 13. Часть 5". 2.00 Концерт.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 М.с. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 М.ф. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Гос-

ман: уақыт пен кеңістікке саяхат". 19.50 Тарих айнасы: аңыз бен ақиқат. 21.40 Литературный клуб. 22.00 Онлайн Астана. 22.50 "Қос мұңлық" монодрамасы. 0.10 "Ежелгі Рим. Империяның өркендеуі мен құлауы".

НТК

8.00 Ревю. 8.25 Жасырын камера. 9.00 Ревю. 9.30 "Универ". 10.30 "Интерны". 11.00 Однажды в России. 11.30 "Сашатаня". 12.00 "Деффчонки". 12.30 М.с. 15.30 Салем ВОХ. 16.30 Алтын таспа. 17.30 Қыз қылығы. 17.50 Күлкі базар. 18.10 Тематик-шоу. 19.00 "Деффчонки". 19.30 "Сашатаня". 20.00 Однажды в России. 20.30 Ревю. 21.00 "Универ". 22.00 "Интерны". 22.30 Ревю. 23.00 Жасырын камера. 0.00 Х.ф. "Хроники Риддика".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Айна online. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом! 10.00 О самом главном. 11.00 Домашний ресторан. 12.00 Баспана бабы. 13.00 Қыздар арасында. 14.00 Сотқар балалар. 14.30 Айна online. 15.00 Человек-невидимка. 16.00 Ико-

ца. 10.00 Сказка "Бэйб: поросенок в городе". 11.40 М.ф. 12.20 Қыз қылығы. 12.55 Күлкі базар. 13.20 Тематик-шоу. 14.20 М.х. 16.10 Х.ф. "Громобой". 18.00 Күлкі базар. 18.25 Ең күлкілі әртістер. 19.25 Караоке-киллер. 20.30 Х.ф. "Хроники Риддика". 23.00 Х.ф. "Чужой 4: Воскрешение".

7 АРНА

08.00 Шебербек ағай. 9.00 Орел и решка. 10.00 Моя история. 10.30 Я шопоголик. 11.00 СвидЕТИли. 11.30 Страсти у плиты. 12.00 Т.с. "Құрбылар". 15.00 Караоке - живой звук. 17.00 Экстрасенсы против ученых. 18.00 Жанкештілер жарысы. 19.00 Айна online. 19.30 Х.ф. "Апокалипсис". 22.00 Другими словами. 22.40 Бокс. 0.00 "Демоны да Винчи".

31 АРНА

6.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 7.00 "Ризамын". 8.00 Мультсериалы. 9.30 Х.ф. "Жизнь, как она есть". 11.30 "Дом рецептов".

НТК

9.00 Рыжие. 9.30 Фэнтези "Привидение за работой". 11.20 М.ф. 13.10 Х.ф. "Громобой". 15.00 М.х. 15.15 Қыз қылығы. 15.35 Күлкі базар. 16.45 Ең күлкілі әртістер. 17.40 Көңілді таспа. 18.00 Х.ф. "Эрагон". 21.20 Караоке-киллер. 22.20 Алтын таспа. 23.15 Күлкі базар. 23.40 Жасырын камера. 0.00 Х.ф. "Любовь зла".

7 АРНА

08.00 Шебербек ағай. 9.00 Измайловский парк. 10.00 Х.ф. "Тор Gear". 11.00 Х.ф. "Выжить любой ценой". 12.00 "Құрбылар". 14.30 "Выжить любой ценой". 15.00 Х.ф. "Любовь на два полюса". 17.00 BOOM! 18.00 Жанкештілер жарысы. 19.00 Айна online. 20.00 Нысана. 20.30 Кім білген. 21.00 Один в один-2. 0.00 "Сонная лощина".

пожа горничная". 14.00 Группа здоровья. 14.25 Қылмыстық іс №. 14.35 Landmarks. 15.00 "Разведчицы". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Кекейтесті сұхбат. 17.30 К.ф. "Жесірлер". 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Қазақстан байтақ өлке". 20.00 РТН. 20.30 ПроАгро. 21.00 "Госпожа горничная". 22.00 РТН. 22.30 Тет-а-тет. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Королева бандитов". 12.00 "Ду қол шоколад". 12.55 Жаңалықтар. 13.00 Лучший город.КЗ. 13.10 Ашығын айтқанда. 14.00 П@утіпа. 14.30 "Гончие-5". 14.50 112. 15.00 "Гончие-5". 15.40 Судебные истории. 16.40 Давай поженимся.

на стиля. 17.00 Измайловский парк. 18.00 "Арам ақша. Адал махаббат". 19.30 КЗЛандия. 20.00 7 NEWS. 21.00 Караоке - живой звук. 23.00 Қорқыныш факторы. 0.00 "Сонная лощина".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Сен келерсің 2". 8.00 "Үмітінді үзбе". 9.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 10.00 "Городские легенды 3". 12.00 Мультсериалы. 15.00 "Счастливы вместе". 19.00 "Кухня". 20.00 Информбюро. 21.00 "Үмітінді үзбе". 22.00 "Сен келерсің 2". 23.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 00.00 Х.ф. "Жизнь, как она есть". 2.00 Концерт.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 М.с. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 М.ф. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Госпожа горничная". 14.00 В ладу с природой. 14.25 Торговый дом. 14.45 Landmarks. 15.00 "Разведчицы". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Кекейтесті сұхбат. 17.30 К.ф. "Жолы болғыш жігіттер". 19.00 Жаңалықтар. 19.30 По диким местам. 20.00 РТН.

12.00 "Налекге". 12.30 "Жұлдызды шаңырақ". 13.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 15.00 М.ф. "Эй, Арнольд! Давай!" 17.00 Х.ф. "Любимый Раджа". 20.00 Фильм-концерт. 23.00 Х.ф. "Супер 8". 1.00 Х.ф. "Дублеры". 3.00 Концерт.

АЛАУ

7.30 М.ф. 8.20 Жаңалықтар. 9.00 РТН. 9.30 М.с. 10.20 Landmarks. 10.50 Группа здоровья. 11.10 В поисках истины. 12.00 Лица неизвестности. 12.30 Д.ф. "Неизвестная версия". 14.00 Концерт А. Маханбетовой. 16.00 ПроАгро. 16.30 Қоғам және әйел. 17.00 Джиперы. 17.30 Жұлдызтоп. 18.30 "Қазақстан байтақ өлке". 19.00 Қылмыстық №. 19.30 Baby ГИД. 20.00 РТН Подробности. 20.50 Винтаж. 21.30 Солнечная кухня. 22.00 По следам музейных невидимок. 22.30 К. Әлімбекова. 0.00 Панорама недели.

ЕВРАЗИЯ

6.00 Т.х. "Беркли-сквер". 7.40

31 АРНА

6.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 7.00 "Ризамын". 8.00 Әзіл студия. 9.00 Х.ф. "Супер 8". 11.30 "Дом рецептов". 12.00 "Сәт сапар". 12.30 "Жұлдызды шаңырақ". 13.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 16.00 "Кухня". 20.00 Фильм-концерт. 00.00 Х.ф. "Миссия невыполнима 3". 3.00 Х.ф. "Любовь и баскетбол". 5.00 Концерт.

АЛАУ

7.00 М.ф. 9.00 Торговый дом. 9.30 М.с. 10.20 Baby Гид. 10.50 В ладу с природой. 11.10 Landmarks. 11.30 Солнечная кухня. 12.00 ПроАгро. 12.30 РТН Подробности. 13.20 Винтаж. 14.00 Хит-парад. 15.00 Қоғам және әйел. 15.30 Б. Исмаиловтың сән үлептері. 17.00 "Разведчицы". 20.30 Тет-а-тет. 21.00 В поисках истины. 22.00 По диким местам. 23.00 Моя правда. 0.00 Х.ф. "Игра в игре".

17.50 Х.ф. "Все сокровища мира". 18.50 Пусть говорят. 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джодха және Акбар". 23.20 П@утіпа. 23.45 Лучший город.КЗ. 23.55 "Однажды в Ростове".

КТК

6.20 "Япыр-ай". 7.00 Жаңалықтар. 7.25 "Қайран заман. Жалғасы". 8.30 КТК қоржынынан. 9.25 Оңай олжа. 10.10 "Бежать". 12.00 Новости. 12.40 Черный квадрат. 13.15 "Лесник". 15.10 Не ври мне. 16.05 "Махаббат мұны". 17.45 "Мүздан суық, оттан ыстық". 18.40 КТК қоржынынан. 19.45 Оңай олжа. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Наша правда. 22.40 "Сильнее судьбы". 0.30 "Лесник".

20.30 Группа здоровья. 21.00 "Госпожа горничная". 22.00 РТН. 22.30 Солнечная кухня. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 Модный приговор. 12.00 "Ду қол шоколад". 12.55 Жұма уағызы. 13.10 Ашығын айтқанда. 14.00 П@утіпа. 14.30 "Гончие-5". 14.50 112. 15.00 "Гончие-5". 16.40 Жди меня. 17.50 "Все сокровища мира". 18.50 Поле чудес. 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джодха және Акбар". 23.20 П@утіпа. 23.45 КВН.Высшая лига. 1.50 Человек и закон.

КТК

06.20 "Япыр-ай". 7.00 Жаңалықтар. 7.25 "Қайран заман. Жалғасы". 8.30 КТК қоржынынан. 9.25 Оңай олжа. 10.10 "Бежать". 12.00 Новости. 12.40 Наша правда. 13.40 "Лесник". 15.30 Не ври мне. 16.30 "Махаббат мұны". 17.00 "Карадайы". 19.45 Жұлдызды ақиқат. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Наша правда. 22.40 Х.ф. "Титаник".

Қылмыстық іс №. 8.00 Таңғы пошта. 8.30 П@утіпа. 8.50 Жаңалықтар. 9.00 Новости. 9.10 Смак. 9.45 Х.ф. "Не в парнях счастье". 11.40 Фабрика грез. 12.05 "Ду қол шоколад". 13.00 Караоке такси. 13.30 101 кеңес. 14.00 П@утіпа+. 14.50 Кто хочет стать миллионером? 15.55 Х.ф. "Дождаться любви". 20.00 Новости. 20.30 Лучший город.КЗ. 21.30 Кешкі кездесу. 22.50 Жаңалықтар. 23.10 Тілші түйін. 23.35 Жаңалықтар. 23.55 Т.с. "Следственный комитет. "Незабываемое шоу".

КТК

7.00 Х.ф. "Девушка с гитарой". 8.30 Жүрекжарды. 9.10 Шаншар. 9.45 Юрмала-2013. 11.25 Бюджетный ремонт. 12.00 Новости. 12.40 Наша правда. 13.40 Звездная жизнь. 14.40 Выходной со звездой. 15.20 Табыс кілті. 15.45 К.ф. "Жетімдер". 17.45 Шаншар. 18.30 Ревизорро. 19.30 "Карадайы". 21.00 Другая правда. 22.00 Очная ставка. 23.00 "Беременна в 16". 0.00 Той BestStar.

10 сәуір, жұма

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшоппан. 10.00 "Сырғалым". 10.55 Айтуға оңай. 11.10 "Жедел жәрдем". 12.30 Жаңалықтар. 12.55 Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. 13.15 Көкпар. 14.00 Келбет. 14.25 М.х. 15.05 Әйел бақыты. 16.10 "Келін". 17.00 Жан жылы. 17.30 Жаңалықтар. 17.50 Әезқарды. 18.10 Менің Қазақстаным. 18.40 Д.ф. "Сәтпаев: ғасыр адамнің толғауы". 19.10 Иман айнасы. 19.35 "Жедел жәрдем". 20.30 Жаңалықтар. 21.05 Айтуға оңай... 21.50 Шын жүректен! 22.45 "Келін". 23.30 Түнгі студияда Н.Қоянбаев. 0.00 Жаңалықтар. 0.55 К.ф. "Дүние жарық".

ХАБАР

7.00 Айтұмар. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.15 М.с. 11.00 Новости. 11.15 Д.ф. "Әр үйдің сыры басқа". 11.45 Магия күхні. 12.20 "Слова офицера". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Страх в твоём доме". 14.00 "Улыбка пересмешника". 15.00 Новости. 15.15 Бұйымтай. 16.15 Ұлт саулығы. 17.00 Жаңалықтар. 17.15 Бармысың, бауырым? 18.00 Ново-

11 сәуір, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Концерт. 8.40 Агробизнес. 9.00 Сенбілік таң. 10.05 Дауа. 10.40 Ас болсын! 11.25 Әзіл әлемі. 13.00 Поззия әлемі. 13.30 Білгірлер бәйгесі. 14.15 Т.х. "Сұңқар". 16.10 К.ф. "Махаббат құрбаны". 17.30 Жаңалықтар. 17.50 К.ф. "Махаббат құрбаны". 19.10 3. Кепбосыновтың концерті. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Сенбілік кездесу. 22.35 Жайдарман. 0.10 Жаңалықтар. 0.40 К.ф. "Шерлок".

ХАБАР

7.00 Ду-думан. 8.30 Мир в картинках. 9.00 Бармысың, бауырым? 9.45 Провдопрос. 10.00 Спорт без границ. 10.25 М.ф. 11.50 Х.ф. "Медвежонк Коала один дома". 13.25 Орталық хабар. 14.25 Жеті ән. 16.05 Концерт. 17.35 Х.ф. "Сказ о розовом зайце". 19.20 Тур де Хабар. 19.50 Бенефис-шоу. 21.00 Жеті күн. 22.00 Х.ф. "Побочный эффект". 23.50 К.ф.

12 сәуір, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

8.30 Мәлім де беймәлім Қазақстан. 9.00 Бүгін жексенбі. 10.30 М.ф. 11.20 Ақсауыт. 11.50 Ұлттық шоу. 13.15 Шарайна. 13.45 Келбет. 14.15 "Сұңқар". 16.10 Баламен бетпе-бет. 16.30 М.ф. 16.40 С. Дүйсенғазиннің концерті. 18.30 Әзіл әлемі. 20.00 Апта. 21.00 Концерт. 22.45 Алаң. 23.35 К.ф. "Дәл соққы".

ХАБАР

7.00 Ду-думан. 8.30 Айбын. 9.00 Жеті күн. 10.00 Ас арқау. 10.20 Спорт әлемі. 10.50 Х.ф. "В бой идут одни старики". 12.20 М.ф. 13.55 Бенефис-шоу. 15.05 К.ф. "Жаужүрек мың бала". 17.20 Тағдыр жолы. 18.05 Мен көрген соғыс. 18.20 Концерт А. Ке-

сти. 18.15 "Ғашық жүрек". 19.00 Орталық хабар. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Сильные духом. 21.00 Новости. 21.30 Жеті ән. 23.00 Х.ф. "Любовь случается". 1.00 К.ф. "Кэролдың Рождествода бастан кешкендері".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таны. 9.00 Жаңалықтар. 9.25, 9.55, 11.25, 12.25, 13.55, 15.10, 16.55, 18.25, 19.25, 22.50, 0.15 Телемаркет. 9.30 М.с. 10.00 Новости. 10.30 "Смерть шпионом. Лисья нора". 11.30 Бірінші студия. 12.00 М.с. "Финес пен Ферб". 12.30 Д.с. "Алаш алыптары". 12.55 Мәңгілік рух. 13.00 Жаңалықтар. 13.55 Пока жива память. 14.00 "Астана - махаббатым менің". 15.15 Пейзажи сквозь время. 16.00 "Ночные ласточки". 17.00 Магия природы. 17.30 М.с. 17.40 Мәңгілік рух. 17.50 Жаңалықтар. 18.15 Алдаспан. 18.25 Новости. 18.50 Т.с. "Маруся". 19.30 Қазақ даласының құпиялары. 20.00 Первая студия. 20.30 Қазына. 21.00 Новости. 21.30 Новости. 21.55 Пока жива память. 22.00 "Карусель". 23.00 Телетриптих "00.00". 0.20 Жаңалық-

"Слевинге сәттілік әкелген сан".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Жаңалықтар. 8.25, 8.55, 11.35, 11.55, 13.55, 16.20, 17.55, 18.25, 19.55 Телемаркет. 8.30 Мәңгілік рух. 8.35 Ертегілер. 9.00 Новости. 9.30 Пока жива память. 9.35 К.ф. "Шерлок Холмс". 11.40 Регион/10. 12.00 Телетриптих "00.00". 13.00 Третий тайм. 13.25 Д.с. "Қазақ даласының құпиялары". 14.00 Н.Өнербаевтың шығармашылық көші. 16.25 Пока жива память. 16.30 М.с. 17.00 Т.х. "Жас ұлан". 18.00 Алаш алыптары. 18.25 Мәңгілік рух. 18.30 Т.с. "Паудер Парк". 19.30 Мәлім де беймәлім Қазақстан. 20.00 Алдаспан. 20.30 Дамафон. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.30 Х.ф. "Завтра я выхожу замуж".

АСТАНА

8.00 Ән шашу. 8.50 Такси. 9.15 Суперпапа. 9.55 М.ф. 10.40 Сделка.

римбековой. 19.50 Қызық time. 21.00 Жеті күн. 22.00 Х.ф. "Дерево Джошуа". 23.50 Бокс. "Ураганы Пуэрто Рико" - "Астана Арланс".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Ертегілер. 8.30, 12.25, 13.55, 15.55, 16.25, 18.25, 19.25 Телемаркет. 8.35 Д.с. "Тайны древних империй". 9.35 К.ф. "Шерлок Холмс". 11.10 Д.с. "Культурное наследие". 11.40 Даму діңгектері. 11.55 Пока жива память. 12.00 1001 формула успеха. 12.30 Сап тузе! 12.55 Мәңгілік рух. 13.00 Д.с. "Диверсанты". 13.55 Пока жива память. 14.00 Концерт. 16.00 Магия природы. 16.30 М.с. 17.00 "Жас ұлан". 18.00 "Алаш алыптары". 18.30 "Паудер Парк". 19.30 Волшебный фонарь. 20.00 530:630. 20.30 Вызов. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.35 Х.ф. "Катись".

тар.

АСТАНА

7.00 "20:30". 7.30 Жаңалықтар. 8.00 "Кто в доме хозяин?". 8.30 Такси. 9.00 "Өзгерген өмір". 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Өзгерген өмір". 10.30 "Фериха". 11.30 "Қыз ғұмыры". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Sky-studio. 14.00 Новости. 14.10 "Лист ожидания". 15.15 "Өзгерген өмір". 16.40 Ел аузында. 17.00 Такси. 17.30 "Фериха". 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 дарка-2015. 21.00 Т.с. "Сын отца народов". 22.00 "Фериха". 23.00 Ел аузында. 23.25 Жаңалықтар.

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 19 наурыздағы № 106 қаулысы

Әкімдіктің 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 165 "Азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде оларға медициналық куәландыру жүргізу үшін тұрақты әрекет ететін облыстық медициналық комиссия құру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 2-тармағына, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 44 "Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы" қаулысының 4,5-тармақтарына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 165 "Азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде оларға медициналық куәландыру жүргізу үшін тұрақты әрекет ететін облыстық медициналық комиссия құру туралы" қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін: жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасындағы: "Сағындықова Балдырған Батырханқызы – Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай облыстық ауруханасы" КМК психиатр дәрігері (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Досмұхамбетов Мәлік Сиданұлы – Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай облыстық ауруханасы" КМК психиатр дәрігері (келісім бойынша)".

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі "Қостанай облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) және "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.А. Дәрібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі Н. Садуақасов.

Постановление акимата Костанайской
области от 19 марта 2015 года № 106

О внесении изменения в постановление акимата от 23 апреля 2014 года № 165 "Об образовании постоянно действующей областной медицинской комиссии для проведения медицинского освидетельствования граждан при призыве их на воинскую службу"

В соответствии с пунктом 2 статьи 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", со статьей 16 Закона Республики Казахстан от 16 февраля 2012 года "О воинской службе и статусе военнослужащих", с пунктами 4, 5 постановления Правительства Республики Казахстан от 30 января 2010 года № 44 "Об утверждении Правил проведения военно-врачебной экспертизы и Положения об органах военно-врачебной экспертизы" и в связи с кадровыми изменениями акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата Костанайской области от 23 апреля 2014 года № 165 "Об образовании постоянно действующей областной медицинской комиссии для проведения медицинского освидетельствования граждан при призыве их на воинскую службу" следующее изменение:

в приложении к вышеуказанному постановлению строку: "Сағындықова Балдырған Батырхановна – врач психиатр КГП "Костанайская областная больница" Управления здравоохранения акимата Костанайской области (по согласованию)"

изложить в следующей редакции: "Досмұхамбетов Малик Сиданович – врач психиатр КГП "Костанайская областная больница" Управления здравоохранения акимата Костанайской области (по согласованию)".

2. Республиканскому государственному учреждению "Департамент по делам обороны Костанайской области" Министерства обороны Республики Казахстан (по согласованию) и государственному учреждению "Управление здравоохранения акимата Костанайской области" принять иные необходимые меры, вытекающие из настоящего постановления.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима области Дарибаева М.А.

4. Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким Костанайской области Н. Садуақасов.

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 60 қаулысы

Әкімдіктің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 376 "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 376 "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5063 болып тіркелген, 2014 жылдың 18 қыркүйегінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

орыс тіліндегі "Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы" деген 3-қосымшасының жоғары оң бұрышында:

"Регламенту" деген сөз алынып тасталсын;

мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов.

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 26 наурыздағы № 5468 болып тіркелген.

Постановление акимата Костанайской области
от 23 февраля 2015 года № 60

О внесении изменения в постановление акимата от 5 августа 2014 года № 376 "Об утверждении регламентов государственных услуг"

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", статьей 21 Закона Республики Казахстан от 24 марта 1998 года "О нормативных правовых актах", акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата Костанайской области от 5 августа 2014 года № 376 "Об утверждении регламентов государственных услуг" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 5063, опубликовано 18 сентября 2014 года в Информационно-правовой системе "Әділет") следующее изменение:

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары: экономикалық, бухгалтерлік, қаржылық, педагогикалық, мемлекеттік басқару, заңгерлік. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 Бұйрығымен бекітілген Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) Осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш; 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама; 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері; 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің

2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі)

Құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күн ішінде** "Сарыкөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға: Сарыкөл кенті, Ленин көшесі, 72 үй, 25-каб., анықтама үшін телефон 23-0-68, факс 23-0-68, электрондық мекенжайы: sarykol@kostanay.gov.kz ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын өңімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Өңімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттардың өңімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күн ішінде** Сарыкөл ауданы әкімінің аппаратында өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар өңімелесу басталуына бір жұмыс күн қалғанға дейін кешіктірмей "Сарыкөл ауданы әкімінің аппараты" ММ кадрлар бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады, Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (өңімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үйлік орынжайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

Костюк Татьяна Владимировнаның сенімді тұлғасы Турбабин Илья Леонидович, кепілдік мүлкіті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Майкөл ауылдық округінің аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған кадастрлік номері 12-183-070-137, 09.12.2052 ж. дейін жалға алу, 140,6 га көлемі; кадастрлік номері 12-183-070-303, 10.04.2052 ж. дейін жалға алу, 9,0 га көлемі; кадастрлік номері 12-183-070-304, 10.04.2052 ж. дейін жалға алу, 111,3 га көлемі; кадастрлік номері 12-183-070-292, 09.12.2052 ж. дейін жалға алу, 274,4 га көлемі бөлінетін жер учаскесіне жер пайдалану (жалдау) құқығын сату жөнінен сауда өткізеді. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 14 сәуір, сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Майкөл а., Стадионная көшесі, 2 үй. Өтінімдер 2015 жылғы 13 сәуір, сағат 18-00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай қаласы, Чкалов көшесі, 9 үй, 14 пәтер, телефон - 8-707-191-91-80.

Доверенное лицо Костюк Татьяны Владимировны Турбабин Илья Леонидович в порядке внесудебной реализации залогового имущества, объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки, расположенные на территории Майкольского сельского округа, Костанайского района, Костанайской области, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства, кадастровый номер 12-183-070-137, аренда до 09.12.2052 г., площадью 140,6 га., кадастровый номер 12-183-070-303, аренда до 10.04.2052 г., площадью 9,0 га, кадастровый номер 12-183-070-304, аренда до 10.04.2052 г., площадью 111,3 га., кадастровый номер 12-183-070-292, аренда до 09.12.2052 г., площадью 274,4 га. Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 14 апреля 2015 года в 10.00 часов по адресу: Костанайская область, Костанайский район, с. Майкөл, улица Стадионная, дом 2. Заявки принимаются в срок до 18-00 часов 13 апреля 2015 года по месту нахождения доверенного лица: г. Костанай, улица Чкалова, дом 9, квартира 14, телефон для справок - 8-707-191-91-80.

Машинец Николай Ивановичтің сенімді тұлғасы Турбабин Илья Леонидович, кепілдік мүлкіті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Денисов ауданы, Аршалы ауылдық округінің аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған 230,2 га көлемі, кадастрлік номері 12-187-012-037, 1464,9 га көлемі, кадастрлік номері 12-187-012-036 бөлінетін жер учаскесіне жер пайдалану (жалдау) құқығын сату жөнінен сауда өткізеді. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 14 сәуір, сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Денисов ауданы, Аршалы а. Өтінімдер 2015 жылғы 13 сәуір, сағат 18-00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай қаласы, Чкалов көшесі, 9 үй, 14 пәтер, телефон - 8-707-191-91-80.

Доверенное лицо Машинец Николая Ивановича Турбабин Илья Леонидович в порядке внесудебной реализации залогового имущества, объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки, расположенные на территории Аршалынского сельского округа, Денисовского района Костанайской области, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства, кадастровый номер 12-187-012-037, площадью 230,2 га, кадастровый номер 12-187-012-036, площадью 1464,9 га. Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 14 апреля 2015 года в 10.00 часов по адресу: Костанайская область, Денисовский район, с. Аршалы. Заявки принимаются в срок до 18-00 часов 13 апреля 2015 года по месту нахождения доверенного лица: г. Костанай, улица Чкалова, дом 9, квартира 14, телефон для справок - 8-707-191-91-80.

А.Т.Оразалиннің сенімді тұлғасы Кудербекова Айнаш Мамбетовна кепілдік мүлкіті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Чехов селолық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған кадастрлік номері 12-190-009-135, өлшемі 1061,0 га, 24.08.2053 ж. дейінгі мерзімге бөлінетін жер учаскесіне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізеді.

Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 15 сәуір, сағат 14.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Чехов селосы, Абай көш., К.Б. Кулубеков ШҚ кеңсесі.

Өтінімдер жұмыс күндері 2015 жылғы 14 сәуір, сағат 17.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затобол пос., Школьная көш., 52/2, тел. 87078053724.

Доверенное лицо Оразалина А.Т. Кудербекова Айнаш Мамбетовна, в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного долгосрочного землепользования сроком до 24.08.2053 года на делимый земельный участок мерою 1061,0 га, с кадастровым номером 12-190-009-135, предназначенный для ведения крестьянского хозяйства, расположенный на территории Чеховского сельского округа, Сарыкольского района, Костанайской области. Покупная цена вносится в течение 10 календарных дней после проведения торгов.

Торги по внесудебной реализации состоятся 15.04.2015 года в 14.00 по адресу: Костанайская область, Сарыкольский район, село Чехова, ул.Абая, офис КХ Кулубекова К.Б.

Заявки принимаются в рабочие дни в срок до 17.00. 14.04.2015 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, Костанайский район, пос.Затобольск, ул.Школьная, 52/2. тел. 87078053724.

Казак Александр Валерьевичтің сенімді тұлғасы Казак Валерий Аркадьевич, кепілдік мүлкіті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Федоров ауданы, Воронеж ауылдық округінің аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған 47,5 га көлемі, кадастрлік номері 12-191-037-097 бөлінетін жер учаскесіне жер пайдалану (жалдау) құқығын сату жөнінен сауда өткізеді. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 15 сәуір, сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Федоров ауданы, Придорожное а, Целинная көшесі, 2 үй. Өтінімдер 2015 жылғы 14 сәуір, сағат 18-00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай қ., Журавлева көшесі, 8 үй, телефон - 8-707-669-93-26.

Доверенное лицо Казак Александра Валерьевича Казак Валерий Аркадьевич в порядке внесудебной реализации залогового имущества, объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки, расположенные на территории Воронежского сельского округа, Федоровского района Костанайской области, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства, кадастровый номер 12-191-037-097, площадью 47,5 га. Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 15 апреля 2015 года в 10.00 часов по адресу: Костанайская область, Федоровский район, с. Придорожное, улица Целинная, дом 2. Заявки принимаются в срок до 18-00 часов 14 апреля 2015 года по месту нахождения доверенного лица: г. Костанай, улица Журавлевой, дом 8, телефон для справок - 8-707-669-93-26.

Жарнама: 54-33-22, 54-99-69 (факс)

Қостанай



www.kostanaytany.kz
kostanaytany@mail.ru

АҚШАМЫ



Жұма
№6
3 сәуір
2015 ж.

«Қостанай таңының» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы

ФОТОЭТЮД



Фотоэтюді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Өмір тойы, көңіл тойы — беташар

Достарым менің

Бала кезден бірге өскен,
Не қызықты бір кешкен,
Үш досым бар сүйікті,
Үн қатысып, тілдескен.

Күмбірлесе домбырам,
Шабыт отын жандырам.
Әуеніне қазақтың,
Құмарымды қандырам.

Үн шығарса гитарам,
Төгіледі айтар ән.
Шебер қолға іліксе,
Сайрағышын байқағам.

Мандолин де қалмайды,
Сазды сазға жалғайды.
Хрустальдай сыңғырлап,
Сиқырымен арбайды.

Алдында алты белестің,
Тірлік мәнсіз демеспін.
Үш дос қатар жүргенде,
Мен көңілсіз емеспін.

Жұмағали АРҒЫНБАЕВ.
Қостанай қаласы.



«Арқаның Ақботасы»

Мұрат
Жүнісұлы

Облыстық қазақ жасөспірімдер театрында осындай атаумен республикалық, халықаралық байқаулардың жүлдегері «Ақбота» халықтық би ансамблінің шығармашылық концерті болып өтті.

«Би – өнердің биігі» деген. Талшыбықтай тербеліп, мың бұралған бишілер қалың көрерменнің көзайымына айналып, сахнаның сәнін келтірді. Өнерге құлаш ұрған жас өрендері тұсауын кесті.

«Ақбота» би ансамблі алғаш рет А.Құнанбаев атындағы №6 мектеп қабырғасында ҚР Мәдениет қайраткері Е.Жүсіпұлының жетекшілігімен құрылған болатын. Бұл күнде И.Зайко мен А.Балғынбаева сынды кәсіби мамандардан дәріс алып, шеберліктерін одан әрі шыңдай түсуде.

Атағы алысқа жайылған ансамбль енді наурыз айының аяғына таман Елордамыз Астана қаласында өтетін халықаралық «Ақ көгершін» байқауына қатысуға әзірлік үстінде.

Концерт соңында сөз алған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы С.Алматова мен қалалық мәдениет сарайының директоры З.Мергеновалар ұсынақты ұжымның сапарларына сәттілік тіледі.

Арқалық қаласы.



Бүгінгі санда:

Елдің
болашақ
айбыны




13-бет

«Дастарқанның»
қонағы



14-бет

Росомаха ма,
әлде жанат па?




14-бет

Тіл табысқандар



18-бет



Зерде



Өнеге еттік ұрпаққа

Ел ауызында жүрген Қарабас баба туралы қазақ тарихында аз жазылған жоқ. Ондай мағлұматтардың кейбіреуін біз шамамыз келгенше облыстық "Қостанай таңы" газетінің бетінде жарияладық. Сонда да болса баһадүр батыр бабамыз туралы мына бір қысқа мәліметті оқырмандар назарына ұсынсақ артықтық етпес деп ойлаймын.

2004 жылы Алматыдағы "Кітап" баспасынан Жанұзақ Қасымбаевтың "Последний поход хана Кенесары и его гибель" деп аталатын тарихи туындысы жарық көрді. Осы кітаптың 118-ші бетінде мынадай бір дерек бар: "Қасым төренің ұрпақтарынан ханның көзі тірісінде төрт-ақ адам қалды: ағасы Наурызбай, Саржанның ұлдары – Ержан, Құдайменді және Есенкелдінің ұлы – Жахангер. Қырғыз елін күшпен басып алғанда, оның туының астында даңқты батырлар Ағыбай, Шөкір, Жәуке, Төлебей, Бұғыбай, Көбек, Боршы, Базар, Танаш, Жанайдар, Жарқын, Нұрабай, Қарабай, Қарабас және басқалары болды. Кенесарыға дейін кіші жүз бен Орта жүз тайпалары мен руларының өкілдері Жетісу өңірін азат етуге қатысты..."

Міне, қазақтың ұлан-ғайыр даласын ақ найзаның ұшымен қорғаған жаужүрек батырларымыз туралы осылай деп жазылған. Мұндағы Қарабас батыр, әрине Орта жүздің Арғын тайпасынан тарайтын Шақшақ нәсілінің өкілі Қарабас әулие екендігі әмбеге аян.

... Баба есімін жаңғырту – бүгінгі ұрпақ парызы. Сол жолда біз не істедік? Енді соған тоқталғым келеді.

Қарабас бабамызға ескерткіш қою үшін қолайлы жерді көру мақсатында Жанкелдин ауданы Ақшығанақ ауылына жолға шықтық. Онда бармас бұрын аудан орталығы – Торғай кентіне соғып, Жанкелдин ауданының өкімі Асқарбек Кенжеғариннің қабылдауында болдық. Аудан басшысына біз Қарабас бабамызға ескерткіш орнатсақ деген ойымызды білдіргенімізде, ол кісі: "Ата-баба тарихына терең үңіліп, туған жеріне ескерткіш орнатса немесе басқа да іс-шаралар өткізіп жатса, неге құптамасқа. Тек, ескерткіш қойылатын жерді заң тәртібімен рәсімдеп, құжаттарын алу қажет" – деп ескертті. Кейіннен ашылу салтанатына да

уақыт тауып қатысып, өзінің жүрекжарды лебізін айтты аудан әкімі.

сым әрі туысым Ғалымжан (Қалтай) Рамазанұлы, Торғайда тұратын інім

дың ескерткішін орнатуға да лайықты орын екен деген шешімге келдік. Діни тұрғыдан туындаған сұрақтарымызды Торғай кентінде Бас имам болған Шоқан қажы Ғазизұлымен ақылдастық. Ол кісі шариғат жолымен дұрыс жол нұсқап, ақыл-кеңесін беріп, тілеуімізді тілеген жандардың бірі. Шоқан Ғазизұлына да отбасымыздың атынан алғыс айтамыз.

Осы бабамыздың асына қатысқан құрметті қонақтардың ішінде Ақшығанақ ауылының ардақты ақсақалдары Манаш Сүйінұлы мен Асанхан Шалабайұлы жиналған көпшілікпен бірге болып, өздерінің баталы сөздерін арнады. Баба тарихынан сыр шертіп, ақ тілектерін жолдады. Елдің арасындағы осындай ақылман ақсақалдарымыз азаймасын! Елдің, халықтың тілеуін тілеп, ортамызды толтырып және кейінгі өскелең ұрпаққа айтқан бата-тілектері қабыл бола берсін!

Ат жарыс десе ішке асын жерге қойып, делебесі қозбайтын қазақ жоқ шығар, сірә! Жүлдеге "Нива" тігілген аламан бөйге, "Калина" автокөлігі тігілген тоқ бөйге және ақшалай ұтыс қойылған тай бөйгелердің бөсі өте жоғары деңгейде өтті. Осы ат жарыстың басынан аяғына дейін жүрген ішкі істер органдарының полковнигі Айбат Ахатұлы мен Жанкелдин аудандық спорт бөлімінің басшысы Қазбек Аймақовтың еңбегі көп.

Қарсақбасының төбесіне Қарабас бабаның қара шаңырағы етіп арнайы тапсырыспен жасалған он екі қанатты ақ үй тігілді. Оның түтінін түтетіп, қара қазанын көтерген баба ұрпақтары Боранбай (Бораш) Рамазанұлы, Төленді Базаров және Сұңғат Қазанатов інілеріміз отбасыларымен ет асып, ас беру жұмыстарын атқарысты. Ауыл орталығындағы "Ақниет", "Аққу" кафелерінде 500 адамға ас беру жұмыстарының басында жүрген қарындасымыз Гүлбаршын Махина мен ауылдағы келіндерімізге, қарындастарымызға да айтар алғымыз шексіз. Баба рухы Сіздердің игілікті істеріңізді әрдайым сауаптан жазсын!

Бек ЖҮСІПОВ.

Қостанай қаласы.



Біздер Қарабас руы үлкендерінің атынан Асқарбек Ахметбекұлына алғысымызды айтамыз. Торғай елін түлетудегі еңбегі жемісті болсын!

Ескерткіш қойылатын жерге алғаш қадам басқанымызда, менің жанымда Ақшығанақ ауылында тұратын құрда-

Бақыт Мизамбекұлы және Ақшығанақ ауылының өкімі Бақытжан Торбаев бар болатын. Қарсақбасының шыңына шығып, жан-жағымызға қарап тұрсақ айналамыз алақанға салғандай анық көрінеді екен. Қарабас бабамыздың қарауыл төбесі болған жер, бабамыз-

СУРЕТТЕРДЕ: ел ағалары Қарабас бабаның тойында; ат жарысқа тігілген жеңіл көліктер; баба ескерткішінің жанындағы ақшаңқан үй; шабандоздар сөреге жақындады.

Суреттер автордың жеке мұрағатынан алынды.



Біздің жігіттер
ер-азаматтарға арналған бет
Бетті әзірлеген үш қыз

• О ЗАМАН ДА БҰ ЗАМАН

Декреттегі еркек — ҚАЗАҚКА ЖАТ ҰҒЫМ

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Бүгінгідей жаһандану кезіне ештеңеге де таң қалуға болмайды. Сіздер декретке шыққан ер азамат көрдіңіздер ме?! Қашан да болмасын қазақы отбасында әкенің алар орны ерекше. Бірақ, кейде осы ұғым өзгеріп бара жатқандай әсер қалдырады. Бұрындары анасы түзде жұмыс істеп, әкелердің үйде отыратындығына тосырқап қарайтынбыз. Денсаулығы нашар, себепті жағдайлары болмаса, үйде отырған еркектің тірлігі көзге ерсі көрінетін. Сондай да аналарымыз "Алтын басты әйелден, бақа басты еркек артық", "Күреп тапқан әйелдің табысынан, аз да болса еркектің табысы берекелі" деп отыратын.



Ал, бүгінгі күні ше...

Кейбір ерлеріміздің табысынан әйелдердің жалақысы көбейіп, ерлеріміз әйелдерге қол көтеріп, дауыстамақ түгілі кір жуып, тамақ пісіріп, нәзік жандыларға тәуелді бола бастағандай ма...

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні неде? Тақырыпшамызда айтып өткендей декретке шыққан еркекті көрдіңіз бе? Мен көрдім. Бірде белді-ақ қызметте жұмыс атқарар танысыммен жолығып қалдым. Жұмыс қалай деп жай-күйімізді сұрасқан соң, мен декреттемін дегенінде шындығын айтсам есімнен танып қала жаздадым. Бірінші рет естідім. Заңның шыққандығынан хабарым болса да, декретке шыққанды алғаш рет көрдім. Сол себепті, декретке шығу жайлы әңгіме сөз арқауы болмақ. Декреттік демалыс деген не, оның жолы қандай екендігіне тоқталатын болсақ, декреттік демалыс әйел адамның жүкті болған кезінде немесе баланы дүниеге әкелгеннен кейін жұмысынан босап, демалысқа шығуы деп білетінбіз. Ал, шет-елдерде еркектердің декретке шығуы қалыпты құбылыстай. Норвегия, Беларусь, Ресей, Украина елдерінде әйел орнына еркек те декреттік демалысқа шығады екен.

Қазіргі таңда декретке шыққан отағасы да перзенті балабақшаға бармайынша Заңға сәйкес 3 жылға дейін бала күтімінде отыра алатын болды. Негізінен ер азаматтардың құқығы ҚР-ның Еңбек кодексінің 195 бабында көрсетілген. Онда әрбір ата-ана, әйел не әкесі бала 3 жасқа толғанға дейін ақысыз демалысқа шыға алатындығы жазылған.

Қаншама жерден Заң болса да, мұндай жәйттер қазақы түсінігімізге жат құбылыс. Ал, шындығында ғылымдарымыздың өзі дәлелдегендей ерлеріміздің ана сүтін бере алмайтындығы ғана болмаса, сәби күтуде әйелдерден артық орындамаса, кем түспейді екен.

Осы орайда психологтардың "Ер адамдарда бала туылғаннан кейінгі депрессия, стресс болмайтындықтан олар кез-келген жағдайға төзімді келеді. Есейе келе әкесіне қарап өссе бала ерке болмай, төртіпке, ұқыптылыққа үйренеді. Өйткені, әкенің айтқаны әрдайым заң саналады. Сондай-ақ, ер адам сыртта көп жүретіндіктен, бала сыртқы ортаға тез үйренеді", — деген жорамалы да шындыққа саятындай.

Таңқалуға болмас. Мүмкін бұл да заман талабы қажет еткен іс болса керек. Тек айтарымыз бала тәрбиесі баршамамызға ортақ іс. Иә, перзентіне ата-ана тарапынан бірдей қамқорлық болған жақсы. Сонда да болса бала тәрбиесі үшін емес тиынға бола тіс сындырып, әйел орнына декретке шығып, күннің ыстық-суығына нәзік жандыларымызды қойып, олардың көлеңкесін сағалау қазақилығымызға мүлдем жат. Қашанда соны естен шығармағанымыз абзал. Ерлеріміз аман болсын. Ертеңіміз жарқын болсын десек ұрпақтарымызды ұсақтап жібермей, келелі, келісті істерге үйретуге тырысайық.

ФОТОБАЙҚАУ

"Елдің болашақ айбыны — БІЗ!"

Елдің келешегі әр үйде ер жетіп келе жатқан бала. Болашақта ел намысын қорғайтындар да осы атұстарларымыз. Егер балаңыздың ұтымды суреті болса, ол жайында әңгімелеп, суретін 3kuz@mail.ru поштасына жолдаңыз. Фотоңызбен бірге толық аты-жөніңіз, мекенжай, телефоныңызды да көрсетіңіз.

№3 үміткеріміз Арсен МАРАТ

8 жасар Арсен өскенде арысы Қажымұқан атасындай, берісі Бейбіт Ыстыбаев, Айбек Нұғымаров, Мұрат Кеңтонов ағаларындай палуан болуды армандайды. Сол арманына жету үшін ол бүгінде қаламыздағы №23 мектеп ішінен ашылған күрес секциясына барып, аптасына бес рет ұлттық спортпен шұғылданып жүр. Қазіргі аяқалысы жаман емес, ұлттық күреске деген ынтасы да зор. Оның болашағынан бапкері Қазтай да зор үміт күтеді.



Кеңес

Жігіттерге не сыйлауға болады?

Алда 7 мамыр — елімізде Отан қорғаушылар күні аталып өтіледі. Бұл мейрам ел арасында "ер азаматтардың мерекесі" болып аталып кеткен.

Қыз-келіншектер ер азаматтарға сыйлық тарту ету кезінде өте талғампаз келеді. Ең бастысы, кез келген сый жігіттердің көңіл-күйіне жағатын зат болу керек. Бір қарағанда ер-азаматтарға сыйлық алу оңай секілді болып көрінгенімен, таңдап кеп қалғанда кейде тығырыққа тірелетін кездер де болады. Осы орайда барша әйел заты ер азаматтарға қандай сыйлық ұсыну қажеттігі жөнінде аз-кем ақыл қоссақ дейміз.

Сыйлық сыйлауды ойланғанда, алдымен неден қашу керек? Алдымен үй жануарларынан бастасақ. Ер адамдар үйдің ішкі жұмысын жақтыра бермейтіндіктен, үй жануарларын бағуды мойнына алуға мүлде қарсы болуы мүмкін. Екіншіден, жұмсақ ойыншықтар. Ерекше сыйлық ретінде ұсынамын деп, өзін қыз секілді сезінген ер-азаматтың көңіл-күйін бұзуыңыз да әбден мүмкін. Үшіншіден, ақша беруден қашыңыз. Ақша сыйға тартудың салдарынан ер-азаматтың беделін басып, ақшасы жоқ адам ретіндегі ниетіңізді білдірген жан ретінде қабылдауы мүмкін. Ер мен әйел психологиясының арасы жер мен көктей.

Сонда не сыйлаған дұрыс? Қандай да бір затты өлшеуге арналған құралдар. Мысалы, термометр, барометр деген сияқты. Мұндай құралдар бірден есте қалатын ерекше сыйлықтардың қатарына жатады. Олардың

кейбірінің құны кәдімгідей қымбат, ал кейбірі тіптен арзан. Мысалы, неге оған барометр қажет, ол теңізші емес қой деп басыңызды қатыруыңызға да, жай ғана сатып алып, сыйлық қып апарып беруіңізге де болады.

Өзін әскер не аңшы ретінде сезіндіретін құралдар. Әсіресе, әскерге барып келген жігіт үшін әскери сыйлықтар сай келмек. Мысалы, карта, компас, дүрбі деген сияқтылар. Рация, ұялы телефондар тіптен керемет сыйлық!

Спорттық құрал-саймандарды да ұялмай сыйға тартсаңыз болады. Гантель, грушалар да тамаша сый.

Көліктің құрал-жабдықтары. Жігіттеріміз машинаны қыздармен бірдей жақсы көрмесе, кем көрмейді. Әрине, қалжың. Дегенмен, еркектердің өмірінде машина аса зор рөл атқарады. Мұндай сыйлықтарды алуда өзіңіз де машинаның "тілін" жақсы білгеніңіз

де дұрыс немесе көліктің құрал-жабдықтарын жақсы білетін таныстарыңыздың көмегіне сүйеніңіз.

Кітап. Кітап кім-кімге де таптырмас сыйлық. Әсіресе, өзі сүйіп оқитын жазушысының кітабын сыйласаңыз жақсы сыйлық болмақ.

Естелік заттар (сувенир). Әдетте, бір жерге барсақ, міндетті түрде өзімізге қымбат жандар үшін сыйлық әкелуді ұмытпаймыз. Сол елдің дәстүрін айқындайтын, салтын көрсететін сыйлықтар әлбетте кім-кімге де ұнайтыны сөзсіз. Ер адамдарға да сувенирлерді қысылмай беруіңізге болады.

Қалтаңыз қалың болса, бұдан да қымбат сыйлықтар алуыңызға болады. Жалпылай қарап отырып, санамалап шықтық. Дегенмен, бәрі де сыйлық беретін адамыңыздың талғамына байланысты екенін есте ұстағаныңыз абзал.





ДАСТАРҚАН

Лимон дәмді кекс дайындау



Бізге қажет болады:

- 250 гр жұмсартылған сары май
 - 200 гр қант
 - 50 гр қант пудрасы
 - 4 жұмыртқа
 - 150 гр ұн
 - 125 гр крахмал
 - 1 ш.қ. қопсытқыш
 - 2 лимон цедрасы
- Глазурь үшін:
- 200 гр қант пудрасы
 - 4 ас.қ. лимон шырыны

Ұн + қопсытқыш + крахмалды елеп дайындап қойыңыз. Сары майды түсі ағара бастағанға дейін миксермен араластырыңыз. Қант пен қант пудрасын қосып ары қарай араластырыңыз. Енді бір-бірден жұмыртқаларды қосыңыз. Өр жұмыртқадан кейін жақсылап араластырып тұрыңыз. Миксер жылдамдығын азайтып, ұн қоспасын қосыңыз. Ең соңында лимон цедрасын қосыңыз. Кекс формаңызды майлап, қамырды құйыңыз. Қамырдың үстін тегістеп, алдын ала қыздырылған 170С духовкада 1 сағаттай пісіріңіз. Жылы кекстің үстіне глазурь (лимон шырыны + қант пудрасы) құйып, суытыңыз. Асыңыз дәмді болсын!

Құтыдағы “у”

Газдалған сусынның денсаулыққа зияны туралы бұған дейін де талай айтылған болатын. Газды сусын тұтынған адамдар мен темекі тартатын адамдардың өмірінің ұзақтығы бірдей деген болжам бар. Өйткені газды су тек қана ағза клеткаларын қартайтып қоймай, сонымен қатар жүрек қатерлі ісікке, диабетке шалдықтырады. Сондықтан газдалған сусындарды тұтынбай, оның орнына қарапайым қара су ішкендеріңіз абзал. Себебі оның денсаулыққа пайдасы мол.



ауруларына,

«Дастарқанның» қонағы

Қазір еттің сүрленіп, ұзын сарының келетін кезі. Осындайда дастарқан мәзірін түрлендіру өз қолымызда. Оқырмандарымыз үшін жаңа мәзір ұсынып отырмыз. Жас келін Айым Нұржақыпова мынадай мәзірімен бөлісті.

Қажет заттар:

- Бір банка «майдағы сардины» консервісі
- 3 картоп,
- 2 пияз,
- 2 жұмыртқа,
- 3-4 ас қасық ұн,
- Қара бұрыш, ас тұзы



Дәмді котлет



Дайындалуы: Майлы балықты езіп, оған жуаны ұсақтап турап, картопты үккіштен өткізіп салып, жұмыртқамен араластырамыз да ұн саламыз. Қосымша тұз, бұрыш салуды да ұмытпаңыз. Қою құймақ тәрізді болуы қажет. Табадағы қызып тұрған майға екі жағын кезектеп пісіресіз. Гарнирді өз қалауыңызға орай әзірлеуге болады.

Өте дәмді. Пісіріп, жақындарыңызды қуантаңыз.



Дастарқанның ақ батасы

Бата бердім, бақ тіледім,
Ақ дастарқан басына,
Я, құдайым, шын тіледім,
Келсін деп менің қасыма!
Көңілің көлдей болып,
Көргенің түстей болып,
Қыдыр қонсын басыңа!
Әумин.

Бізге тартқан басыңыз,
Дәмді екен асыңыз.
Ұрпақтар боп өзгеше,
Сыйлы болсын басыңыз!
Домаласын өрге тасыңыз,
Иманды болып тасыңыз.
Көре алмаушы, кертартпа
Құм қапсын дұшпан — қасыңыз,
Жүзге жетсін жасыңыз,
Әумин!



Қасым атты қас батыр

1-бет

Өңірімізде Ахметов, Көшмырзин әулетін білмейтін жан кем-де-кем шығар. Білікті педагогтар, тәжірибелі ұйымдастырушылар, қоғам өмірінде қолтаңба қалдырған азаматтары бар жанұядан Қасым секілді батырдың шықпауы мүмкін емес. Батырдың есімін ұлықтап, оның есімін ел жадында мәңгі қалдыру мақсатында оның бауырлары, елге белгілі қарт ұстаз Қажымұқан Көшмырзин, Федоров ауданының қазіргі әкімі Қайрат Ахметов, ҰОС ардагері, ауылдасы, жамағайыны Қажы Маманов бастап жиын өткізді.

Алдымен сөз етіп отырған кейіпкерімізге тоқтала кетейік. Қасым Ахметов Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Төленгіт елді мекенінде 1917 жылы дүниеге келген. 1939 жылы қыркүйек айында Қызыл Армия қатарына шақырылыпты. ВКП (б) мүшелігіне де қабылданған. Әскер қатарында 85-атқыштар дивизиясы 477-атқыштар полкінің құрамында Кеңес-Фин соғысына қатысады. 1941 жылы әскери борышы енді аяқталады деп жүргенде, адамзат тарихындағы ең сұрапыл Ұлы Отан соғысы басталып кетеді. Қасымның толарсақтан қан кеше жүріп, жасындай жарқыраған кезі де – осы бір қатерлі майдан. Осындай ерлікке толы күндерде Қасым Ахметов І дәрежелі Отан соғысы орденімен (40-атқыштар корпусының 1944 ж. 8 ақпан №048Н бұйрығы), «Қызыл Ту» орденімен (Брянск майданы әскерінің №93889 1943 ж. 22 тамыздағы №087Н бұйрығы), III дәрежелі «Даңқ» орденімен (63-ші Белорусь фронты армиясы, 41-атқыштар дивизиясы 1943 ж. 30 желтоқсандағы № 43Н-бұйрығы) марапатталған.

Ал 1943 жылғы 30 желтоқсанда Қасымды Кеңестер Одағының Батыры атағына ұсынған қағазда оның ерлігі былай жазылыпты:

«Жолдас Ахметов 244 атқыштар полкі құрылғаннан бастап барлық ұрыстарға қатысты. 1943 жылғы 26 шілдеде Хатевото темір жол станциясы маңайындағы

немістің артиллерия және пулемет күшіне қарсы ұрыста «Отан үшін», «Сталин үшін» деген ұранмен ротаны жауға қарсы көтеріп, темір жол станциясын алғанда, ол орынға алғашқы болып жетті. Ахметов өзінің қайсарлығының арқасында осы шайқаста немісті жеңгені үшін Қызыл Ту орденімен марапатталды (жоғарыда жазылған).

1943 жылдың 23 желтоқсанында Малай Козловичи селосының аумағында танк және зеңбірекпен мұздай қаруланған неміс әскері 17 адамнан құрылған Ахметов басқарған топ қорғап тұрған ыңғайлы орынды (зират аумағы) басып алуға тырысты. Алайда, жолдас Ахметовтің тобы түгел қоршауда қалса да, 3 сағат бойы жаудың 6 рет жасаған шабуылына төтеп берді. Осылайша, үш күн бойы кескілескен ұрыста фашистердің 100-ден астам әскерінің көзін жойды.

Отан үшін жасаған ерлігі үшін Ахметов жолдас Кеңес Одағының Батыры үкіметтік жоғары атағын алуға лайықты.

Осылай деп жазып, қол қойған 244-атқыштар полкінің командирі подполковник М.В. Колесовтың өтінішін 41-атқыштар дивизиясының командирі, генерал-майор А.И. Сурченко қолдаған екен. Алайда, марапаттау қағазы жоғары әскери орындарда белгісіз себептермен қаралмаған (бәлкім соғыс уақытында белгіленген мекенжайға жетпеуі де мүмкін).

Осылайша кеңес әскері жауды тықырып отырып, Германия жеріне де жетеді. 1945 жылдың 16 сәуірінде автоматшылар взводының командирі Қасым Ахметов Одер өзені жағасындағы жан алысып, жан берген шайқаста қаза тауыпты. Марқұм Бранденбург жеріндегі Одердегі Франкфурт округінің Зеелов ауданы Лебус елді мекенінде жерленеді.

– Біз енді атамыздың зиратының қайда екенін білеміз. Батырдың қабірін іздеуді алғаш Қажымұқан (Көшмырзаұлын айтады – Автор) ағайымыз бастады. Қасым атамыз соңғы ұрыста қаза тапқан жерде кеңестің 4700 солдатты жерленген екен.

Соған қарағанда, сол 1945 жылғы сәуір айының ортасындағы үш-төрт күнгі ұрыс өте шиеленісті болғанға ұқсайды. Тағы бір жайт, Қасым атамыз қаза тапқан уақытта лейтенант шенді екен. Ал ең өкініштісі, батыр алты жыл бойы соғысып келіп, жеңіске үш апта ғана қалғанда жан тапсырғаны, – дейді Қайрат Ахметов.

Қасымды жасынан білетін Қажы Маманов ақсақал оны әскерге шығарып салған кез көз алдында дейді:

– Ағамыз сұңғақ бойлы, жүріс-тұрысы салмақты, өзінен кішілерге үлгі болатын азамат еді. Ол кісіні әскер қатарына алғанда, мен он үш жасар бала едім. Ол кезде біздің өңір Орал әскери округіне қарайтын. Қасым аға әскери ұрыс жаттығуларды Златоуст елді мекенінде бастапты. Себебі, ол атанасы Ахмет пен Шөкәлайға үнемі сол жақтан хат жазып тұратын. Бір рет әскери бөлім басшылығынан Қасымның жаттығуларды шебер меңгерген, тәрбиесі жақсы деп алғыс хат та келді. Ахмет ағайымыз бен Шөкәлай анамыз бірде ұлы Көшмырза мен немересі Жұмашты алып, ат арбамен Қасым борышын өтеп жүрген Златоуст жеріне он күн жүріп барып келді. Кейін ол Фин соғысына аттаныпты деген хабар естідік.

Ал Қажымұқан Көшмырзаұлы ағасынан келіп жүрген хаттардан қазір ештеңе қалған жоқ дейді. Себебі, 1945 жылы ауылға Қасымның қаза тапқаны жөнінде «қара қағаз» келгенде, анасы күйіктен барлық хаттарды өртеп жіберіпті. Ол соңғы рет өзінің амандығын қаза боларынан бір-екі күн бұрын ғана жазған екен. Батырдан қалған естелік тек 1944 жылғы 5 тамызда Люблин қаласында түскен фотосуреті ғана. Оның өзі Жұмаш атамның үйінде сақталып қалыпты. Тағы бір өкінішті жайт, Қасымнан соңында тұяқ қалмапты. Әскерге 22 жасында кетсе де,



оған дейін шаңырақ құрмаған екен.

Қазіргі таңда жауынгердің әулеті оның ерлігі туралы барлық мәліметтерді, құжаттарды жинастырып, еліміздің Қорғаныс министрлігі мен «Нұр Отан» партиясына тапсырып отыр. Егер бұл мәселе оң шешімін тауып, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Ресей Федерациясы тарапынан жерлесіміздің қаһармандығын растайтын куәлік беріліп жатса, сөз жоқ, облысымыздағы Жеңіс саябағы тағы бір батырдың есімімен толыққалы тұр.

СУРЕТТЕ: Қасым Ахметовтің майданнан келген жалғыз суреті (Ахметовтер әулетінен алынды); Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● АРДАГЕРЛЕР АЙНАСЫ

Жауынгердің ұрпағымын

Әкемнің әкесі Тұрғымбаев Нұрсейіт Ұлы Отан соғысының ардагері, Науырзым деген киелі жердің сыйлы қарттарының бірі болған. Майданға 21 жасында аттанса керек. Кеңес әскері қатарына 1941 жылы шақырылған екен. «Ұрыс даласынан 1944 жылдың көкегінде елге оралдым» деп Нұрсейіт атам айтып отыратын. Соғыстың аяқталуына санаулы күндер қалғанда сол қолынан қатты жараланып, үйге оралыпты. Одан кейінгі жылдары ел үшін еңбек етті. 73 жасқа дейін мал бақты. Балаларын өсірді. Әкеміз Айтжан екеуі бал тапқан қымызын дайындап, отбасын асырады.

Біздер ол кезде ойын баласы болатынбыз. Ойын қуған ұл мен қыз «соғыс ардагері» дегенге мән беруші ме еді. Бірақ, атамды құрметтеп, сыйлық берген сәттері мез болушы едік. Сол күндер еске түскенде

терең ойға сүңгіп кете жаздайсың. Ардагер атам шынында да құрметке лайық жан екен ғой. Отанын, елін, жерін қорғаған жауынгерлердің қатарында менің атамның болғанын мақтанышпен айта аламын.

**Жұмабике НҮРСЕЙТОВА,
Жамбыл орта мектебінің
қазақ тілі мұғалімі.**

Қостанай ауданы.



Хабарсыз кеткен бір бейне

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

Жуырда редакциямызға қостанайлық Тұрсынбек Утинов есімді азамат келіп, ҰОС-да хабарсыз кеткен ағасы туралы мәлімет іздеп жүргенін айтты. Кейіпкеріміздің баяндауы бойынша, заманның тыныш кезінде Утиновтар отбасы қазіргі Сарыкөл ауданын мекен еткен. Голощекиннің солақай саясатының кесірінен бұл отбасы құтты қоныспен қош айтысып, Ресейге жер аударады. Тұрсынбек Утиновтың әкесі Қадыр төрт ағайынды. Олар Қабдолла, Кәкім, Қауаз. Ұлы Отан соғысы басталған жылы осы төрт азаматтың екеуі еңбек армиясына, екеуі ұрыс даласына аттанады. 1941 жылы Қадыр және Қауаз Утиновтар Қорған әскери комиссариатынан әскерге алынған. Ағайынды Утиновтар қан майданда бірге болып, жау қолымен арпалысады. Ұрыс даласында қоршауға түсіп Қауаз жараланып, оны ағасы Қадыр арқалап белгісіз қалаға әкеледі. Сол жерде ағайынды екеудің жолы екіге бөлінеді. Бірі, Қадыр


Утинов 1946 жылы елге аман-есен оралса, екіншісі, Қауаз хабарсыз кеткен.

– Әкеміз жаралы інісін далада тастамай, арқалап, қалаға жеткізген. Одан басқа дерек жоқ. Соғыстан кейін ағамызды іздедік. Артынан ешқандай құжат қалмаған екен. Не өлінің не тірінің тізімінде жоқ ағамыздың есімі туған жеріндегі ескерткіш тақтаға жазылса дұрыс болар еді. Біздің де жасымыз ұлғайды. Кейінгі толқын жауынгер ағамызды ұмытып кетуі бек мүмкін. Ол кісінің артында ұрпақ та қалмады, – дейді жауынгердің інісі Тұрсынбек Утинов.

Қауаз Утинов Сарыкөл ауданы Чехов совхозында (Суағаш қыстауы) туған. Туған жылы, айы-күнін айғақтайтын құжаттары жоқ. Бірақ 1915 жыл деп топшылайды. 1941 жылы Қорған облысынан соғысқа аттанды. Жауынгердің одан кейінгі тағдыры беймәлім. Артынан «қара қағаз» келмеген. Тұрсынбек Утинов әкесінің айтқан естеліктері бойынша ағасына іздеу жариялады. Осы мақсатта Қорған, Челябинск, Москвадағы мұрағаттарға хабар-

ласты. Биылғы жаңа жылдың алдында Қорған облысы, Кетовский ауданы, Пименовка ауылына арнайы барып келді. Бірақ ешқандай дерек жоқ. Аталған жердегі ескерткіш тақтада, еске алу кітабында жауынгер ағасының есімі жазылмаған. Интернеттен іздеу барысында «Утинов Қабаш Қорған облысындағы әскери комиссариаттан майданға аттанды. Жаралы жауынгер 2.10.1941 жылы тұтқынға түсті. Одан кейінгі тағдыры белгісіз» деп жазылған. Кейіпкеріміздің майдангер ағасы туралы білетіні осы ғана. Жауынгердің суреті де сақталмаған. Сол интернеттегі деректе «артында жоқтаушысы жоқ» деп жазылыпты. Тұрсынбек Утиновтың ендігі тілегі азаматтық парызын адал атқарған ағасының есімі тарихи отаны Қостанайдағы ескерткіш тақтаға немесе даңқ кітабына жазылса дейді.





Алғыс пен қарғыс

Ежелден сөзге шешен халқымыз алғыс айтумен қатар, қарғыс айтуға да шебер болған.

Қарғыс сөздердің неше түрі бар. «Жағыңа жылан жұмырт қала сын!», «Жалғыз қал!», «Жарық көрме!», «Жатқаныңнан тұрма!», «Өруақ соқсын!», «Жегенің желкеңнен шықсын!», «Басыңды дау алсын!», «Басың көбеймесін!», «Бетің жабылмай қалсын!», «Дәм-тұзың атсын!» деп жалпылай; «Адыра қалғыр!», «Жау алғыр!», «Жау тигір!», «Отын болғыр!», «Иесіз қалғыр!», «Өрт тигір!», «Су алғыр!», «Кебін болғыр!» деп дүние-мүлікті, заттарды; «Арам қатқыр!», «Ақшелек келгір!», «Борша болғыр!», «Жамандатқыр!», «Кебенек келгір!», «Киеңкі болғыр!», «Қарасан келгір!», «Қасқыр жегір!», «Қатпа болғыр!», «Қақпан басқыр!» деп мал, жан-жануарды қарғаса, «Жесір қалғыр!», «Қара жамылғыр!», «Қара бет болғыр!» деп әйел адамдарды қарғаған.

Кейде нағашылы-жиенді, құрдас адамдар, қайын-жеңге арасында өтірік қарғау да болады. Олар көбінесе, «Тұқымың жайылғыр!», «Жолың болғыр!», «Төбенді көрме!», «Басқан ізін артыңда қалсын!» деп айтылады. Қарғыстың ең ауыры – ананың ақ сүтін көкке саууы және атаның теріс батасы деп есептелген.

Біздің халқымыз қарғыстан қатты сескенген және қарғыс қате кетпейді деп түсініп, жаманшылыққа бармауға тырысып, көбіне алғыс алуға тырысқан. Алғыс, ризалық сөздері адам жанын нұрландырады, мейірлендіреді, көңілін қуанышқа бөлейді. Мысалы, «Алла разы болсын!», «Айың оңыңнан тусын!», «Бар бол, қалқам!», «Қатарыңның алды бол!», «Бағың жансын!», «Құдай қолдасын!», «Жұлдызың жоғары болсын!», «Көсегең көгерсін!», «Мерейің үстем болсын!», «Қаймағың бұзылмасын!», «Төңір жарылқасын!», «Аруақ қолдасын!», т.б. Осы айтылған сөздер ақ батамен де ұштасып жатады.

Гүлжауһар ИБРАЕВА,

№5 орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі.

Сәуір айы – қазақтың тәуір айы

Сәуір – қазақ халқының күнтізбесіндегі наурыздан кейінгі ай. Сәуір – араб тілінен кірген атау, ал халқымыз бұл айды көкектің алғаш шақыра бастайтын айы болғандықтан, көкек айы деп атаған. Ақын Тұманбай Молдағалиев:

Көктем айы – көкек құс келетін ай,
Қайталайды өз атын неге тынбай?

Көңілімді қалайда бұрды өзіне,

Жарқ-жұрқ етіп өтетін әуе отындай, – деп жырлаған көкек айы отамалы-желді, бірде қарлы, бірде жаңбырлы ауа-райының құбылмалы шағы. Сәуір айында жауған қар көп жатпайды, тез еріп кетеді. Құс келіп, ұя сала бастайды. Ағаштар бүр жарып, көк шығады. Мал төлдейді. Жұрт уызға қарық болады. Қазақ «Сәуір болмай, тәуір болмас» дейді. Өмірлік тәжірибеден туған бұл қағида айдың жақсы мезгіл екенін білдіреді.



Бетті әзірлеген М.ҚАБДРАХМЕТОВА.

Даналық сөздері насихаттау – ПАРЫЗ

Қазақ халқы тілге бай, қазақ тілі сөзге бай. Өмірдің қандай да болмасын қыр-сырына: тарихына, мәдениетіне, тұрмыс-салтына, дініне қатысты көптеген ғылыми тұжырымдар, мақал-мәтелдер, ғибратты сөздер, ойшылдар айтқан ұлағатты ұғымдар – халық аузында. Өрбір нақыл сөзде ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнеге, жалпы тәрбие мәселелері жатыр. Ұлы тұлғалар, ұстаздар, ғылым, мәдениет қайраткерлері айтқан ұлағатты пайымдар, нақыл сөздер оқу-тәрбие барысында, күнделікті өмірде жас ұрпақтың бойына, санасына сіңіру ұстаз, тәрбиеші, ата-аналар, үлкендер-жалпы бөрімізге ортақ парыз деп білемін.

Халық аузында ертеден келе жатқан нақыл сөздермен қатар, осы заманда пайда болып жатқан жаңа

ұғымдар, қанатты сөздер мақал-мәтелдердің қатарын көбейтуде. Сөз мәйегі – мақал. Өмір құбылыстарын жинақтайтын, бір не екі тармақтан құрылып, алдыңғысында шарт не жалпы пайымдау, соңғысында түйінді пікір айтатын, өте ықшам, бейнелі халықтық поэтикалық жанр. Мақал өлең түзілімді, кейде қара сөз түрінде болып келеді. Мақалдың ескіргендері де кездеседі, жаңа мақалдармен, қоғам қайраткерлерінің нақыл сөздерімен де толығып отырады.

Мәтел мақалға өте ұқсас. Көбінесе мақалдай екі тармақты емес, сыңар болып келеді. Мәтел тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да қолданылады. Мәтел айтылған пікірге айшық бітіреді, сезімге әсерлігін күшейтеді, мысалы: «Апама жездем сай»,

«Асатпай жатып құлдық», «Гүлдің соры әдемілігінде». Ақын-жазушылардың әрлі сөздерінің мақал-мәтелдерге айналғандары көп. Мысалы: «Ғылым таппай мақтанба» – Абай, «Мұғалім мектептің жүрегі» – Ы. Алтынсарин.

«Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі сондай болмақ» деп Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, жас ұрпақты дана сөздерге ұлылық қағидаларға мән беріп, өз іс-әрекетін игілікке бағыттауына, жақсы сөзді үлгі етуіне ықпал болайық. Өмірдің нәзік қылын, рухани сабақтастығын үзіп алмай ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – парыз.

Бакытжамал ҚАЛТАЕВА,
Арқалық медицина
колледжінің жоғары
санатты оқытушысы,
ҚР білім беру ісінің үздігі.

● ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ

Дауысты дыбыс әріптерінің жазылуы

1. соңғы буынында ы, і дыбыстары бар сөздерге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда, ы, і дыбыстары кейде түсіп қалады. м: орын-орны, ерік-еркі, халық-халқы.

2. ы, і әріптері бар сөз л, р дыбыстарының алдында келсе жазылмайды: лақ (ылақ емес), рет (іртет емес), рең (ірең емес).

3. ы, і әріптері түсіп қалса мағынасы бұзылатын сөздерде сақталып жазылады: ырыс, ылди, ірі, іру.

4. о, ө, ү әріптері көп буынды сөздердің соңғы буындарында естілгенімен, ү орнына ы, ө орнына е, ү орнына і жазылады: құлын (құлүн емес), құндыз (құндүз емес), өлке (өлкө емес), жүрек (жүрөк емес), түбіт (түбүт емес).

5. ж, ш, и дыбыстарының арасына келген а дыбысы кейбір сөздерде ө-ге жуық дыбысталады. Бірақ, бұларға жуан дауыстылы қосымша жалғанатындықтан, түбір тұлғасы сақталып, дөйекшесіз жазылады: жай (жәй емес), шай (шәй емес), шаш (шәш емес).

6. дауыстылардың ішінде у мен и түбір сөзде де, туынды сөзде де бірде жуан, бірде жіңішке естілетін ұу (ыу), үу (іу), ыи, ии қосынды дауыстыларының орнына жүреді: су, бу, ту, ту, ине, ти, ши, иық.

7. ы, і дыбыстары сөз соңындағы әріптің алдында келген, еліктеме сөздерде жазылмайды: тарс-тұрс, тақ-тұқ, жарқ-жұрқ, былқ-сылқ.

Анар ӘЛДИКЕНОВА,
С.Мәуленов атындағы гимназияның
қазақ тілі мұғалімі.

Өсімдік атаулары

Бозкілем – очиток
Болбыр – гидрилла
Бөлтірік – переступень белый
Бөріаяқ – зюзник
Бөрікгүл – артишок
Бұрандагүл – скрученник
Бүргедән – подорожник многосемянный
Біршабыр – ежовик солончаковый
Гүлдарига – чернушка полевая
Дағарабас – тысячелистник благородный
Дәндіқара – марь-марь многосемянная
Дәуаяқ – долгоног
Дәл-сал – патриния
Домалатпа – галимохнемис
Доңызтарақ – ворсянка разрезная (жалғасы бар)



Сирек айтылатын сөздер

Қабажақ – жұқа шыңылтыр қабат.
Қағанақ – мал төлінің қабы.
Қарнау, қарнап тастау – бұл сөз «сойып салды», ішек-қарнын ақтарып тастады дегендей мағынада айтылады.
Қаю, қайыған – бура шөккен інген.
Қайым – бейім, еліктегіш деген сөз.
Қайымалы – бура бірінші рет шөгетін ұрғашы түйені айтады.
Құрапат – жиын, мәжіліс.
Құртқа – қаншық қасқыр.
Құрмалау – қаумалап ұстау.
Қоңылтаяқ – аяқ киімді шұлықсыз, шұлғаусыз кию.

Қамсау – ықтасын, пана, кейде жел өткізбеу үшін желбегей киетін киімді де айтады.

Қаршу – лақтырылған затты қағып алудың бір тәсілі. Бұл тәсілде алақан ұшып келе жатқан, лақтырылған денеге қарсы сермеледі.



Шынықсаң, шымыр боласың!



ДОДА

“Қостанай таңының” спорт беті

Кездесу

Спорт ардагерлеріне құрмет

Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ұжымы аудан спортының дамуына қомақты үлес қосып, өзіндік қолтаңбаларын қалдырған спорт ардагерлерімен кездесті.

Кездесу барысында республикалық самбо күресінің қола жүлдегері, волейбол ойынының аға жаттықтырушысы Ербатыр Сейтқазыұлы және кезінде ауыр атлетикадан қалалық, облыстық, республикалық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы, республика чемпионатының жүлдегері Мәлік Баймағанбетов бала күндеріндегі басынан өткерген қызықты сәттерімен бөлісіп,



Жанкелдин ауданы.

оқушылардың сауалдарына жауап берді. Сондай-ақ, спорт ардагерлері өздерінің іздерін басып келе жатқан жас спортшыларға жетістіктер мен жеңіс тілеп, осыдан бір ай бұрын аталмыш мектептің ұйымдастыруымен сурет салу, реферат, альбом жасау байқаулары бойынша жеңімпаз атанған оқушыларға мектеп атынан спорт ардагерлері алғыс хаттар табыс етті. Мектеп директоры Еренбол Алматов спорт ардагерлеріне ризашылығын білдіріп, мектеп ұжымының атынан естелік сыйлықтар тапсырды.

**Байбатыр
АХМЕТБЕКОВ.**

Жеңіске бастар бағыт

Біз жерлес спортшыларымыздың жеңісіне куә болып, жетістіктері үшін мақтанамыз. Арамызда болашақ чемпиондардың өсіп келе жатқанына шаттанамыз. Бұл ретте спорттық сайыстардың жастарға берері мол екенін ескерген жөн.

Жуырда Щербаков орта мектебінде қостанайлық “Жас Отан” жастар қанаты “Жастар – Отанға!” жобасы аясында “Көшбасшы үшін жарыс” іс-шарасын ұйымдастырды. Кездесу барысында велоспорт бойынша КСРО-ның спорт шебері Александр Бобылев спорт саласындағы жетістіктерін әңгімелеп, саламатты өмір салтының мән-маңызы туралы айтып берді. Жастар басты кейіпкерге сұрақтарын қойып, емен-жарқын пікір алмасты. Жас буын танымал спортшының балалық шағы, жеңіске жету жолында кездескен қиыншылықтары туралы сұрады. Кейіпкердің велоспортқа келу себе-



біне қызығушылық танытты.

– Аталған іс-шараға қатысқаныма шын жүректен қуаныштымын. Сіздердің спортқа деген қызығушылықтарыңыз менің жастық шағымды еске салады. Болашақта сіздердің араларыңыздан да чемпиондар шығып, еліміздің даңқын асқақтатын болады. Мен оған сенемін.

Спортшы үшін жеңіс тұғырында тұрып Отанымыздың Әнұранын есту қандай қымбат екенін білсеңіздер ғой. Естен кетпес осынау тәтті естелік сіздердің өмірлеріңізде де болсын, – деді велошабандоз Александр Бобылев.

Надир КӘРІМОВ.

Алтынсарин ауданы.


Еркін күрес

Заманбек – ел чемпионы!

Функционалдық міндеттері: бөлімдерде жалпы басшылық жасау, басқа бөлімдермен қарым қатынас жасау; бөлім жұмыстарын ай сайын және алта сайын жоспарлау; талдау өткізу, облыстық құрылысты дамыту-да басымдылық бағдарламаны түзе-ту; жылға қаржыландырудың жоспа-рын құрастыру және тоқсан бойынша үйлестіру; басқарманың бағдарлама-лардың, жоспарларын уақытылы орындау.

Бақылау функциялары: әкімшісі Ба-сқарма болып табылатын бағдарла-ма бойынша мемлекеттік сатып алу шегінде қаражаттар қолданысына бақылауды жүзеге асыру; жоғары тұрғын орандардың, облыс әкімі мен оның орынбасарларының құжаттарын орындауға бақылауды ұйымдастыру; мемлекеттік сатып алу бойынша кон-курс тар ұйымдастыру; басқарманың бюджеттік бағдарламалар паспорты-мен қарастырылған іс-шаралардың орындалуын бақылау. Үйлестіру функ-циялары: бөлім жұмысы жөніндегі сұрақтар бойынша жеке және заңды тұлғалардың шығымдары мен өтініштерін қарастыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары экономика-лық; экономист, бухгалтер, қаржыгер. Мемлекеттік қызмет етілі екі жылдан кем емес; мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдар-да жұмыс етілі бір жылдан кем емес; осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс етілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазым-дарда бір жылдан кем емес; жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарлама-лары бойынша Қазақстан Республика-сы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тап-сырыс негізінде немесе шетелдің жо-ғары оқу орындарында шетелде кадр-лар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандық-тар бойынша оқуды аяқтауы; ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Кон-ституциясын, "Қазақстан Республика-сының Президенті туралы", "Қазақ-стан Республикасының Үкіметі тура-лы" Қазақстан Республикасының Кон-ституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қыз-мет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсім-дер туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы" "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы" заңдарын, осы сана-тағы нақты лауазымның мамандануы-на сәйкес салалардағы қатынастар-ды реттейтін Қазақстан Республика-сының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Конкурс Қазақстан Республикасы-ның Мемлекеттік қызмет істері агент-тігі төрағасының 2013 жылғы 19 нау-рыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекі-тілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауа-зымына орналасуға конкурс өткізу және конкурстық комиссияны қалып-тастыру ережесінің негізінде жүргізіледі (бұдан әрі – Ереже).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға мынадай құжат-тарын тапсырады:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағида-ларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың но-

тариалды куәландырылған көшірме-лері;

4) еңбек қызметін растайтын құжат-тың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсау-лық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы-ның Нормативтік құқықтық актілердің тізімінде 2010 жылы 21 желтоқсан-да № 6697 болып тіркелген) нысан-дағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азамат-тының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыс-тағы сертификат (немесе нотариал-ды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзе-ге асырмаған және конкурс жарияла-нған бос лауазым бойынша жұмыс етілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тап-сырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжат-тарды олар жұмыс істейтін мемле-кеттік органдардың персоналды басқа-ру қызметі (кадр қызметі) куәланды-ра алады.

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап **10 жұмыс күн ішінде** "Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқарма-сы" мемлекеттік мекемесіне мына ме-кенжай бойынша: Қостанай қаласы, Әл-Фараби д-лы, 65, 8 қабат, аңықта-на телефоны: 8 (7142) 39-44-25, элек-трондық мекенжай: usko@kostanay.gov.kz ұсынылуы қажет.

Азаматтар жоғарыда санамаланған, құжат тігілетін мұқабада орналасты-рылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық түрде хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқы-лы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқаларын әңгімелесу басталған-ға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктір-мей береді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидат-тар, оны "Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы" мемлекеттік ме-кемесінде, Қостанай қаласы, Әл-Фа-раби д-лы, 65, 8 қабат, 2015 жылғы 20 сәуірде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қам-тамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол бе-ріледі.Конкурс комиссиясының отыры-сына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутат-тарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік ор-гандардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммер-циялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті ор-ганның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комис-сиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей "Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс басқармасы" ММ кадрлар қызметіне тіркеледі Тіркелу үшін тұлғалар "Қос-танай облысы әкімдігінің құрылыс бас-қармасы" ММ кадрлар қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттың кө-шірмесін, ұйымдарға тиесілілігін рас-тайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үйлік орын-жайын жалдау, тұру, байланысты барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

2015 жылғы 15 сәуірде "Қазақстан Халық Банкі" АҚ ғимаратында мекенжайы: Қостанай облысы, Сарыкөл к., Ленин көш., 65, сағат 12.00-де кепілдік мүлікті өткізу бойынша аукцион болады, атап айтқанда:

№1 лот - бөлінетін жер учаскесі, алаңы 1321,0 га, орналасқан мекенжайы: Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сорочин селолық округі;

- бөлінетін жер учаскесі, алаңы 2627,2 га, орналасқан мекенжайы: Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сорочин селолық округі;

- бөлінетін жер учаскесі, алаңы 6179,0 га, орналасқан мекенжайы: Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сорочин селолық округі. Бастапқы құны 201 685 995 теңге мөлшерінде.

№2 лот - РСМ-101 "Вектор" астық жинайтын комбайны, 02.12.2005ж.ш., бастапқы құны 5 458 975 теңге мөлше-рінде.

№3 лот - РСМ-101 "Вектор" астық жинайтын комбайны, 22.11.2005ж.ш., бастапқы құны 5 458 975 теңге мөлше-рінде.

№4 лот - РСМ-101 "Вектор" астық жинайтын комбайны, 09.11.2005ж.ш., бастапқы құны 5 458 975 теңге мөлше-рінде.

№5 лот - РСМ-101 "Вектор ұсақтағыш-сепкішімен, бір ыңғай егін орғышымен, жинағышымен , жинағыш алаңымен" астық жинайтын комбайны, 2007ж.ш., бастапқы құны 6 254 690 теңге мөлшерінде.

№6 лот - РСМ-101 "Вектор ұсақтағыш-сепкішімен, бір ыңғай егін орғышымен, жинағышымен , жинағыш алаңымен" астық жинайтын комбайны, 2007 ж.ш., бастапқы құны 6 254 690 теңге мөлшерінде.

№7 лот - РСМ-101 "Вектор ұсақтағыш-сепкішімен, бір ыңғай егін орғышымен, жинағышымен , жинағыш алаңымен" астық жинайтын комбайны, 2007 ж.ш., бастапқы құны 6 254 690 теңге мөлшерінде.

№8 лот - РСМ-101 "Вектор" астық жинайтын комбайны, 2008 ж.ш., бастапқы құны 6 569 275 теңге мөлшерінде.

№9 лот - РСМ-101 "Вектор ілінген ұсақтағыш-сепкішімен, құрамында: комбайнның орғыш агрегаты ілінген ұсақтағыш-сепкішімен, аклондық камерасымен, кондиционерімен, жылытқышымен, 7,0м ПР егін орғышымен, жинағыш алаңымен" астық жинайтын комбайны, 2008 ж.ш., бастапқы құны 6 569 275 теңге мөлшерінде.

№10 лот - 15 пәтерлі тұрғын үй, жалпы алаңы 902,1 ш.м., тұрғын алаңы 566,4 ш.м., тиісті жер учаскесімен, алаңы 0,2524 га, 23.02.2055 ж. дейінгі мерзімге уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында тиесілі, орнала-сқан мекенжайы: Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сарыкөл к., Совхозная көш., 1. Бастапқы құны 21 160 469 теңге мөлшерінде.

№11 лот - Әкімшілік ғимарат, жалпы алаңы 848,2 ш.м., Мәдениет үйі, жалпы алаңы 1541,4 ш.м., Спортзал, жалпы алаңы 686,7 ш.м., Қазандық, жалпы алаңы 65,5 ш.м., тиісті жер учаскесімен, алаңы 0,3112 га, 05.09.2061 ж. дейінгі мерзімге уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында тиесілі, орналасқан мекенжайы: Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сарыкөл к., (солтүстік-шығыс бөлігі). Бастапқы құны 51 055 296 теңге мөлшерінде.

№12 лот - "Buhler" доңғалақты тракторы, моделі "VERSATILE"2375, 2006 ж.ш. "BOURGAULT 8810-35" фирмасының егіс кешендері, 6280 бункерімен, саны 2 бірлік. Бастапқы құны 47 060 600 теңге мөлшерінде.

Сауда әдісі – ағылшын.

Кепілдік жарна бастапқы бағаның 3% құрайды.

Бастапқы бағаның 3% мөлшеріндегі кепілдік жарна "Қазақстан Халық Банкі" АҚ сенімді тұлғасының шоты-на төменде көрсетілген деректемелер бойынша енгізілуі тиіс.

Саудаға қатысуға өтінім беруге қажетті құжаттар тізімін сенімді тұлғадан алуға болады.

Саудаға қатысуға өтінімдер 2015 жылғы 13 сәуір са-ғат 18-ге дейін қабылданады. Саудаға қатысуға барлық өтінімдер мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Таран көш., 146, 407 каб.

Сауда аяқталғаннан кейін ақырғы бағаны ұсынған сауда қатысушысы сатып алу бағасын толық көлемде қолма-қол ақшамен, банк чегімен немесе Қазақстан Рес-публикасының заңнамасымен белгіленген басқа да есеп айрысу түрінде 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізуі тиіс.

Сенімді тұлғаның деректемелері: "Қазақстан Халық Банкі" АҚ сенімді тұлғасы Болдусов Альберт Қуаныше-вич, Қостанай к., Таран көш., 146, шоты KZ426010011286000010, БИН 940140000385, КБЕ 14.

Сауданы өткізуге қатысты мәселелер туралы анық-тама үшін телефон: 8(7142) 59-33-57.

15 апреля 2015 года в здании АО "Народный Банк Ка-захстана" по адресу Костанайская область п. Сарыколь ул. Ленина, 65 в 12-00 часов состоится аукцион по реализации залогового имущества, а именно:

Лот №1 - делимый земельный участок площадью 1321,0 га, расположенный по адресу: Костанайская область, Са-рыкольский район, Сорочинский сельский округ;

- делимый земельный участок площадью 2627,2 га, расположенный по адресу: Костанайская область, Са-рыкольский район, Сорочинский сельский округ;

- делимый земельный участок площадью 6179,0 га, расположенный по адресу: Костанайская область, Са-рыкольский район, Сорочинский сельский округ. Стартовая стоимость в размере 201 685 995 тенге.

Лот №2 - Зерноуборочный комбайн РСМ-101 "Вектор", 02.12.2005г.в., Стартовая стоимость в размере 5 458 975 тенге.

Лот №3 - Зерноуборочный комбайн РСМ-101 "Вектор", 22.11.2005г.в. Стартовая стоимость в размере 5 458 975 тенге.

Лот №4 - Зерноуборочный комбайн РСМ-101 "Вектор", 09.11.2005г.в. Стартовая стоимость в размере 5 458 975 тенге.

Лот №5 - Зерноуборочный комбайн РСМ-101 "Вектор с измелычителем-распрыскивателем, унифицированная жат-ка, подборщик, платформа для подборщика", 2007 г.в. Стар-товая стоимость в размере 6 254 690 тенге.

Лот №6 - Зерноуборочный комбайн РСМ-101 "Вектор с измелычителем-распрыскивателем, унифицированная жат-ка, подборщик, платформа для подборщика", 2007 г.в. Стар-товая стоимость в размере 6 254 690 тенге.

Лот №7 - Зерноуборочный комбайн РСМ-101 "Вектор с измелычителем-распрыскивателем, унифицированная жат-ка, подборщик, платформа для подборщика", 2007 г.в. Стар-товая стоимость в размере 6 254 690 тенге.

Лот №8 - Зерноуборочный комбайн РСМ-101 "Вектор", 2008 г.в. Стартовая стоимость в размере 6 569 275 тенге.

Лот №9 - Зерноуборочный комбайн РСМ-101 "Вектор с навешенным измелычителем-разбрасывателем в составе: Агрегат молотильный к комбайну с навешенным измелычи-телем-разбрасывателем, аклонной камерой, кондиционе-ром, отопителем, жатка 7,0м с ПР, платформа-подборщик", 2008 г.в. Стартовая стоимость в размере 6 569 275 тенге.

Лот №10 - 15-квартирный жилой дом общей площадью 902,1 кв.м., жилой площадью 566,4 кв.м. с соответствующим земельным участком площадью 0,2524га, принадле-жащим на праве временного долгосрочного землепользо-вания сроком до 23.02.2055г, расположенный по адресу: Костанайская область, Сарыкольский район, п. Сарыколь, ул. Совхозная, 1. Стартовая стоимость в размере 21 160 469 тенге.

Лот №11 - Административное здание, общей площа-дью 848,2 кв.м. ; Дом культуры, общей площадью 1541,4 кв.м.; Спортзал, общей площадью 686,7 кв.м.; Котельная, общей площадью 65,5 кв.м. , с соответствующим земель-ным участком площадью 0,3112 га., принадлежащим на праве временного долгосрочного землепользования сро-ком до 05.09.2061г., расположенное по адресу: Костанай-ская область, Сарыкольский район, п. Сарыколь, (северо-восточная часть). Стартовая стоимость в размере 51 055 296 тенге.

Лот №12 - Колесный трактор Buhler" модель "VERSATILE" 2375, 2006 г.в. Посевные комплексы фирмы "BOURGAULT 8810-35" с бункером 6280 в количестве 2 единиц. Стартовая стоимость в размере 47 060 600 тен-ге.

Метод проведения торгов – английский.

Гарантийный взнос составляет 3% от стартовой цены. Гарантийный взнос в размере 3% от стартовой цены, должен быть внесен на счет доверенного лица АО "Народ-ный Банк Казахстана", по реквизитам указанным ниже.

Для получения списка необходимых документов для зая-вки на участие в торгах необходимо обратиться к Довер-енному лицу.

Заявки на участие в торгах принимаются до 18.00 часов 13 апреля 2015 года,

Все заявки на участие в торгах принимаются по адресу: г. Костанай, ул. Тарана, 146, каб. 407.

После завершения торгов участник торгов, предложив-ший конечную цену, должен внести покупную сумму в пол-ном объеме наличными деньгами, в виде чека банка или другим установленным законодательством Республики Казахстан способом расчетов в течение 10 (десяти) рабо-чих дней.Реквизиты Доверенного лица: Доверенное лицо АО "Народный Банк Казахстана" Болдусов Альберт Куа-нышевич, г. Костанай, ул. Тарана, 146, счет KZ426010011286000010, БИН 940140000385, Кбе 14.

Телефон для справок по вопросам проведения торгов: 8 (7142) 59-33-57.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы мемлекеттік коммуналдық меншікті кейін сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру жөнінен тендер өткізеді.

Тендер **2015 жылғы 21 сәуірде сағат 11.00-де** мына мекенжайда: Қостанай қ., Әл-Фараби д-лы, 66, 207 кабинетте өткізіледі.

Объектінің сипаттамасы

"Қостанай облыстық мүгедектерге арналған оңалту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратындағы алаңы 502 шаршы метр үй-жай, орналасқан мекенжайы: Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, 11, баланс ұстаушы "Қостанай облысы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы"ММ. Объектінің жағдайы: қанағаттанарлық.

Объектіні сенімгерлік басқару шарттары

1. Сенімгерлік басқару мерзімі – 2 жыл.
2. Келісім-шарттың қолданыс мерзімі ішінде 1 000 000 (бір миллион) теңге инвестиция салу.
3. Спорт командаларын сауықтыру және оңалту, тұрғындардың денсаулығын нығайту құралдарының бір ретінде спортты насихаттау және дамыту.
4. Әлеуметтік инфрақұрылым объектісін мақсатқа сай пайдаланудың қалыптасқан тәртібін және шарттарын сақтау.
5. Сенімгерлік басқаруға берілген мүлктік кәсіпкерлік мақсатта пайдаланбау.

Тендерге қатысу үшін қажетті құжаттардың тізімі:

1. тендерге қатысушы тендер жеңімпазы деп жарияланған жағдайда, оның жазбаша, ақпараттық хабарламада көрсетілген және тендерге қатысушының өзі ұсынған тендер талаптарында шарт жасасу міндеттемесін білдіретін тендерге қатысуға өтінім;
2. басқа құжаттардан бөлек желімделген конвертте тендерге байланысты құжаттаманы қоса бере отырып, жазбаша түрдегі тендер шарттары бойынша ұсыныстар;
3. тендер жарияланған күннен кейін берілген анықтаманы берген күннің

алдындағы үш айдан астам мерзімге созылатын тендерге қатысушы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша банк (банк филиалы) алдында мерзімі өткен берешектің жоқ екендігі туралы банктің (банк филиалының) қол қойылған және мөр басылған (электронды цифрлық қолтаңба) анықтамасының түпнұсқасы. Егер әлеуетті қатысушы екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылған жағдайда, осындай банктердің әрқайсысынан анықтама ұсынылады;

4. Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржы жылындағы аудиторлық есебі;

5. салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе көрсетілген құжаттың нотариат куәландырылған көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

6. жарғының нотариат куәландырылған көшірмесі немесе салыстырып тексеру үшін түпнұсқаны міндетті түрде ұсына отырып, ұсынылатын жарғы көшірмесі. Шетелдік заңды тұлғалар құрылтай құжаттарын мемлекеттік және орыс тілдерінде нотариат куәландырылған аудармасымен ұсынады;

7. тендер жарияланған күннен кейін берілген, үш ай бұрын салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда) тиісті салық органының қол қойылған және мөрі (электронды цифрлық қолтаңбасы) бар анықтамасының түпнұсқасы немесе электронды көшірмесі;

8. мемлекеттік мүлкті сенімгерлік басқару құрылтайшысының депозиттік шотына көпілдік жарнаны аудару туралы төлем тапсырмасының немесе түбіртегінің (жеке тұлға үшін) түпнұсқасы;

9. тендерге әлеуетті қатысушы

өкілінің, оның ішінде көпілдік жарнаы енгізген өкілдің өкілеттіктерін куәландыратын құжат (жеке куәлікті, паспортты (шетелдік азаматтар үшін) немесе ішкі істер органдары берген уақытша жеке куәлікті ұсынған жағдайда жарамды);

10. Жеке тұлғалар 1), 2), 8) тармақшаларында көзделген құжаттарды, сондай-ақ:

1) жеке куәліктің, паспорттың (шетелдік азаматтар үшін) немесе ішкі істер органдары берген уақытша жеке куәліктің көшірмесін;

2) кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмастан жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесін (жеке кәсіпкер үшін) ұсынады.

11. Тендерге қатысуға тілек білдірген тұлғалардың өтінімдерін қабылдау және тіркеу талап етілетін құжаттардың толық жиынтығы болған жағдайда жүргізіледі.

12. Тендер қатысушысы болып табылмайды:

- Қазақстан Республикасының заңдарына немесе құрылтай құжаттарына сәйкес тендер шарттары болып табылатын қызмет түрлерін жүзеге асырумен айналыса алмайтын заңды тұлға.

13. Тендер құжаттамасында қарастырылған талаптардың барлығына жауап беретін, тендер шарттары бойынша ұсыныстары ең жақсы болып табылатын қатысушы тендер жеңімпазы болып танылады.

Тендерге қатысу үшін көпілдік жарна 3097(үш мың тоқсан жеті) теңгені құрайды.

Тендерге қатысу үшін көпілдік жарна Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасының Астана қ., ҚР ҚМ қазынашылық комитетіндегі № КЗ380705022570551006 шотына, БИК ККМFKZ2A, БИН 950440000516, КБе 12, КНП 171, мекеме коды 12, енгізіледі.

Тендерге қатысушыларды тіркеу тендердің өткізілетіні туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және тендер басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады.

Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша: 575-610 және www.oblfin.kostanay.gov.kz сайтынан алуға болады.

•ҚҰТТЫҚТАУ**Құттықтаймыз!**

Алтынсарин ауданы, Шербаков ауылының тұрғыны, аяулы ана, асыл жар, ақ жаулықты әже, ұлағатты ұстаз **ҚОЯНБАЕВА Сәуле Жұмабайқызы** 4сәуірде 58 жасқа толғалы отыр. Сізді туған күніңізбен және зейнеткерлік жасқа жеткеніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Әрқашан Алланың назарында, бақыттың базарында шалқып тасып жүре беріңіз! Сізге ұзақ өмір, талмас талап, сарқылмайтын денсаулық тілейміз!

Ізгі ниетпен: жолдасы - Мирамбек, анасы - Мұқлиса, құдағиы - Нұрлан, ұлдары мен келіндері, қызы-Ләззат, күйеу баласы-Серік, інісі-Ерік, келіні-Дамила, сіңлісі-Айсәуле, немерелері мен жиендері.

**Құттықтаймыз!**

Астана қаласында тұратын немереміз **АДАЕВА Айару Ерболқызын** 12-сәуірдегі туған күнімен құттықтаймыз.

Көргенде Айарудың билегенін, Ерекше, қуанышты күйге енемін. Атасы-әжесіне бәрі қызық Күлгенің, жылағаның, сөйлегенің.

«Мұндай бала жоқ дейміз, жер бетінде» Салтанатқа ұқсайды келбеті де, «Аузы-мұрны өзіме тартқан» деп Әжесі отыр, бал ашып ертеңіне.

Дәл өзімдей, ақшалы бай болады, Көркіті, ақылына сай болады. Қызметі, халықтың қалаулысы Ең қымбат авто болар айдағаны.

Жақсы ғой, жақсылыққа тоймағаны Әженің болсын деймін ойлағаны. Айару өсе берші, қуанта бер

Өзіңмен талай қызық тойланады.
Атасы – Бейсен, әжесі – Бейсенгүл, нағашылары – Сәкен-Айгүл, Ләззат-Шотбай.

**Жалған хаттама жарға жықты****Махаббат БЕКБАЙ**

Мұндай өрескел заң бұзушылыққа барған Сарыкөл аудандық ІІБ қызметкерлері.

Өткен жылдың маусым айында Сарыкөл аудандық ІІБ әкімшілік полицияның аға инспекторы М. атты азамат өзінің әріптесі жол-патрульдік полиция қызметкері Н. "Алматы–Екатеринбург" тас жолында автопатрульдік кезекшілікке шыққан.

Тәртіп сақшыларына "Орал" мотоцикль мінген, қасында екі жолаушысы бар көмелет жасқа толмаған Б. атты жасөспірім кездескен. Тексере келгенде көлік жас жүргізушінің әкесіне тіркелгені анықталды. Ал ол кісі сол маңдағы су қоймасының қасында екен. Аға инспектор мотоциклға мініп алып, көлік иесіне жетіп барады. Оған ілесіп, жас жолаушыларды қызметтік машинасына салып алып, әріптесі де келеді. Жас жеткіншек әкесінің масаң

күйде екендігін көріп, полицейлер арам істі жүзеге асырмақ болады.

Тәртіп сақшылары қызметтік міндеттерін орындау кезінде А.атты азаматқа қатысты мотоциклды мас күйінде басқарғаны туралы шындыққа жалған түсініктеме хат жаздыртқан. Осылайша "Мас жүргізуші – қылмыскер" алдын алу іс-шарасындағы өз көрсеткіштерін жоғарлатуды көздеген.

Көрсеткіштің соңына түскен полиция қызметкерлері бұрмаланған мәліметпен хаттама толтырады. Онда кәмілетке толмаған Б. көлік жүргізуге құқығысыз мотоцикл басқарып, жол қозғалысы ережесін бұзды деген жаңа оқиғаны ойлап шығарған.

Сот үкімімен аға инспекторға 250, ал жол-патрульдік полиция қызметкеріне 200 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынды. Сонымен қоса, енді бұл екеуі 3 жылға дейін мемлекеттік органдарға қызметке алынбайтын болды.

Шіркеу тонаушылар жазасын алды

Қостанай қаласының №2 соты "Святой Михаил" шіркеуіне қарақшылық шабуыл жасап, тонаған, бұған дейін сотталғандар 1988 жылы туған Д.Шишов пен 1990 жылы туған В.Себбоға қатысты сот үкімін шығарды.

Бұған дейін хабарлағанымыздай, 2014 жылдың 26 тамызында түнгі сағат 3 шамасында сотталушы Себбо алдын ала сөзбайласу арқылы Шишовпен бірігіп "Святой Михаил" шіркеу аумағына кіріп, күзет бөлмесіне өтеді. Күзетші әйелді бірнеше рет соққыға жығып құлатқан қарақшылар, оның қорғансыздығын пайдаланып, зорлық жасап, шіркеу ішінен 60 мың теңгенің мүлкін ұрлайды.

Сот үкімімен Д.Шишов ҚР ҚК 175 б. 2 б. "в" т., 179б. 2 б. "а,в" т. (адамдар тобының алдын ала сөз байласып ұрлық және қарақшылық жасауы) бойынша, ал В.Себбо ҚР ҚК 24 б. 3б., 120 б.1 б. (зорлық жасауға оқталу); 179 б. 2 б. "а,в" т. (қарақшылық) айыпты деп танылып, екеуіне де мүлкін тәркілеп, 6 жылдың қатаң тәртіптегі түзету колониясында жазасын өтеу жазасы тағайындалды.

Сонымен қатар жасалған қылмыс салдарынан келтірілген материалдық шығын 154 мың теңге жәбірленушілер пайдасына өндірілді.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі.

"Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Қостанай қаласы, Қасымханов көшесі, 34, телефоны 8 (7142) 500-112, электрондық пошта zakup.kostanay@mail.ru) бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1. Мемлекеттік сатып алуды өткізу мониторингі және талдау бойынша бөлімінің бас маманы, санаты D-O-4, 1 бірлік, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

Облыстық мемлекеттік мекемелері мен кәсіпорындарының мемлекеттік сатып алу үдерісінің, соның ішінде мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы мониторингін жүргізеді; тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің мемлекеттік сатып алуын жүргізу туралы жиынтық есептерді және мемлекеттік сатып алу жөніндегі ақпаратты жасауын қамтамасыз ету.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар:

Жоғары білім: - әлеуметтік ғылымдар экономика және бизнес (экономика, қаржы), құқық (құқықтану). Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортада кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы са-

наттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде конкурс өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сөзінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап **10 жұмыс күні ішінде** "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік сатып алу

ТАБИҒАТ ТАҒАЖАЙЫПТАРЫ

Жақында "Қостанай тағы" газетінің бетінде Жанкелдин ауданының аумағынан росомахаға ұқсас аң табылғаны туралы жазған болатынбыз. Мұны көптеген сайттар, газеттер, телеарналар іліп әкетіп, бірінен соң бірі жарыса жариялады. Осы бір шағын ақпарат біздің оқырмандарымызды да таң-тамаша етті. Бүгінде белгісіз аң жайлы өз болжамдарын айтушылар көп. Әрқайсысы өз пікірін алға тартады. Облыс тұрғындарына беймәлім бұл мақұлық не сонда? Тайгадан адасып келген росомаха ма, әлде жанат тектес аң ба? Мұның жауабын редакциямызға хат жолдаған аңтанушы Балғабай Бекмағамбетов береді.

РОСОМАХА МА,
ӘЛДЕ ЖАНАТ ПА?

Сыртқы келбеті.

Жанат тектес ит (енотовидная собака) – шамамен итке ұқсас аң. Денесінің ұзындығы – 65-80см, құйрығы – 15-25см, салмағы – 4-10 келі. Денесі жауырынды, ұзын. Табаны қысқа.

Тұмсығының түсі.

Тұмсығы мен терісінің түсі бойынша бұл жыртқыш аң жанат аңына келеді. Терісі қара-қоңыр, төменгі жағы ашықтау, ұзын және қалың, бірақ қылшықты. Арқасында қара-қоңыр жолағы бар. Тұмсығында "жанаттық" қара-қоңыр қалқаға ұқсас сурет айқын білінеді. Ұртында күлгін-сұр сақалы бар. Құйрығы қысқа, үлбіреген, көлденең жолақсыз. Күрең түстілері де кездеседі. Сондай-ақ альбиностар (ақ терілі) туралы да айтылады.

Таратылуы.

Жанат тектес иттердің таралу аймағы – Үндіқытайдың Солтүстік-шығысында, Қытайдың, Жапония және Кореяның жарты аралының орманды және таулы-орманды аймақтарында таралған. Жоғарыда аталған жыртқыш аң Ресейде бұрын Уссурия өлкесінде және Амур облысының оңтүстік аймақтарында ғана кездесетін. Ал 1927 жыл мен 1957жылдар аралығында аңшылық шаруашылықтарды молайту мақсатында 10 мыңға жуық жанат тектес иттерді Кеңес одағының бұрынғы 76 облысына жөнелтілді. Бұл аң еліміздің Азиялық аймақтарында және еуропалық бөлігінде тез өсіп



Росомаха жазда

жетіліп, әрі қарай Батыс Еуропаның Финляндия, Эстония, Швеция, Польша, Румыния, Чехия, Германия және Франция елдеріне таралған. 2013 жылдан бері Швецияда Ресейден келген жанат тектес иттердің санын азайту бағдарламасы жалғасуда.

Тұрмыстық қалпы және тамақтануы.

Жанат тектес иттердің мекендейтін жері – батпақты ойпаттардағы ылғалды шалғындар, өзендердің қопалы жайылмасы және өзен жағасындағы орманды бұталар. Тұрғылықты жерін таңдауы қарапайым. Баспана ретінде әдетте борсықтың және түлкінің апанын пайдаланады. Інін сирек қазады. Сонымен қатар ағаш қуыстарын, жартастың саңылауларын, т.б. жерлерді мекендейді. Кей кездерде ашық жерлерде де орналаса береді. Қорғану мақсатында жолға немесе ауылдарға

жақын орналасуы жиі кездеседі.

Жанат тектес иттер көбінесе ымырт үйірілген шақта және түнде жорыққа шығады. Азықты жинау тәсілі бойынша – ол көдімгі жинаушы, өзіне қор іздеу барысында барлық түкпір жерлерді шарлап шығады. Орман, су айдынын, тайызда немесе теңіз жағалауында кезіп жүреді. Жылдың жылы мезгілдерінде бір жорығы 7-10 шақырым жерді қамтиды, алайда қармен жүрген кезде табандарының қысқалығынан батып қалады. Жанат тектес ит тұқымдастарының ішіндегі айлакері. Қауіп төнген жағдайда қарсыласпайды, тығылады немесе өлген болып жата қалады. Біршама уақыт (апта) торда өмір сүрген кезде бұл әдісті қолданбайды (бірақ жабайы табиғатқа шыққанда айлаға көшуі мүмкін). Торда ұстағанда адамның қолынан тәтті тағамдарды алады, алайда, оның



Жанат тектес ит жақыннан



Жанат тектес ит

жабайы аң екенін ұмытпаған жөн! Тыныш жатқан аңды тордан алып шыққанда жайдан жай сіздің қолыңыздан немесе аяғыңыздан тістеп алуы мүмкін. Ал бос жүргенде бұл аң керісінше жуас. Еш қорқыншысыз бірнеше шақырым жерге дейін қолда ұстап апаруға болады. Жанат тектес ит қолға да үйретіледі. Әрине күштік кезінде үйреткен дұрыс.

Тамақ талғамайды.

Жануарлармен және өсімдіктермен – тышқан тектес кеміргіштермен, құстармен олардың жұмыртқасымен, көлбақа, қоңызбен, күзде – сұлы түйіршіктерімен, жидектермен, түскен жемістермен қоректенеді. Қыс мезгілінде жанат тектестер жемделеді. Олардың салмағы 2 кг. және одан артық өседі және қысқы ұйқыға кетеді. Жанат тектес иттер – ит тұқымдастардың

ішіндегі ұйқыға кететіндердің жалғыз өкілі. Ұйқысы желтоқсан-мамыр айы аралығында, ақпан-наурызға дейін жалғасады, қыстың жылы жылдары ұйқысынан ерте оянады, тек қатты аяздар мен борандарда ұйқыға кетеді. Ұйықтаған кезде зат алмасуы 25% төмендейді. Жанат тектес иттерді көбіне қасқыр, сілеусін, кезбе иттер құртады. Эпизоотия пироплазмоза көбінің көзін жояды. Кей-кездерде жанат тек-

тестер құтыру ауруын тасушы болады. Жанат тектес иттер Қостанай облысының солтүстік аудандарда да кезігеді. Жанкелдин ауданында бірінші рет жаз айында, "Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерватына қарасты бұрынғы Аққұм ауылының маңында кездесті. Көкалат ауылы тұрғынының көргені жанат тектес итке жатады. Ал росомахаға келетін болсақ, ол тек қана орманды алақтарда, тайгада таралған. Сусары тектес аңдардың ішіндегі ең жыртқышына жатады, ол аюдың, ұлы қасқырдың жемтігін қорықпай, тала-сып тартып алады.

Балғабай
БЕКМАҒАМБЕТОВ.
"Алтын Дала" МТР РММ
Табиғи кешендер мен
нысандарды қорғау
бөлімінің басшысы,
аңтанушы.

Бақытты балалық шаққа жол ашық

Бала – өмірдің жалғасы. Ал ұрпақ тәрбиесінде басты мақсат оларды еңбекке, әдептілікке, инабаттылыққа, адамшылдыққа, қайырымдылыққа үйрету. Міне, осы қасиетті келешегіміздің бойынан көргіміз келсе әрине, олар үшін бар жағдайды жасап, адам өмірінің ең маңызды шағы балалық кезеңін мәнді, мағыналы әрі бақытты ете білуіміз керек. Осы мақсатты көздеген біздер мектебімізде "Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу" айлығын өткіздік.

Ұрпақ тәрбиесінде тәртіп пен мәдениет егіз ұғым сияқты. Осы

екеуі күллі адам атаулының күнделікті өдетіне айналған кезде, біздер зорлық-зомбылықсыз балалық шақтың шаңырағын биіктете түскен болар едік. Қазіргі таңда тәуелсіздік алған мемлекетімізде зорлық-зомбылыққа жол жоқ дейміз. Бірақ, өкінішке қарай оның етек алуы отбасынан басталатынын көреміз. Осындайға жол бермеу үшін отбасындағы салауаттылықты арттыру қажет. Өйткені, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлер көбінесе отбасында дамып, қалыптасады. Осы шара барысында біздің көздеген ұстанымымыз әрі ұранымыз "Бақытты балалық шаққа жол ашық" болды.

Мектепте өткен айлықтың ішінде бірнеше мәнді, тәрбиелік деңгейі жоғары іс-шаралар өткізілді. Барлық сыныпта сынып сағаттары, тәрбие сағаттары, тағылым сабақтары, балалармен өзара сырласу сағаттары өтті. 9 сынып оқушылары бас біріктіріп, пікір таластар өткізді. Оқушылар

2009 жылы 4 желтоқсанда "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаны жайында сөз қозғады. Бұл заң Қазақстан Республикасы азаматтарының тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтынын баса айтып өтті.

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы. Біздің тәуелсіз елімізде әр баланың болашағы жарқын болса дейміз. Осындай шаралар арқылы балалар да өз құқықтарын біліп, жүректерінде жүрген мұң, сырлары болса бөлісіп жатады. Ашылып, сыр бөліседі. Сондықтан әр мектепте өтетін мұндай айлықтардың берері көп болмақ.

Эльмира ИБРАЕВА,
№115 орта мектептің
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.

"Ұлы даланың ұлдары"

2015 жылы Керей мен Жәнібек Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып, қазақтың туын көкке көтергеніне 550 жыл толады. Бұл оқиға қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Қостанай қаласы "Строительный" ҚБ кітапханасында "Ұлы даланың ұлылары" атты іс-шара өтті. Кітапханашы А.Галиевтың "Керей мен Жәнібек" кітабының тұсаукесерінде балалар Әбілхайырдың билеу кезеңі, Керей мен Жәнібектің бірінші кездесуі жайлы білді. Аңызға сәйкес Керей көктемде Моғолстанға көшкеннен кейін хан атағын алды. Қонақтар ұлы шайқастар, шабуылдар жайлы аңыз-әңгімелер тыңдады. "Қазақ хандығының жылнамасы. Летопись казахского ханства" көрме-пирамидасы көрсетілген материалдардың кең ауқымды болуымен қонақтардың жүрегін жаулады. Пирамиданың әр қабырғасы Қазақ хандығының құрылу тарихын ашты. Кездесу "Ұлы даланың дүбірі" фильмін тамашалаумен тәмамдалды.

Р.САТБАЕВА,
кітапханашы.



Қостанай қаласы.

ФОТОЭТЮД



Фотоэтиюдті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Гүлбаһрам жүлдемен оралды

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Үстіміздегі жылы наурыздың 24-і мен 28-і аралығында Астанада ІХ-шы халықаралық "Ақ көгершін" байқауы өткен болатын. Онда көркем сөз, сән үлгісі, сән театры, би өнері, вокал, аспапта орындау, халық әнін орындау шеберлігі сияқты әртүрлі жанр түрлерінен республиканың әр өңірінен және көршілес елдерден барлығы 900-ге жуық үміткер сынға түсті.

Осы байқауға аспапта орындау номинациясы бойынша Алтынсарин ауданындағы балалар шығармашылығы үйінің оқушысы Гүлбаһрам



Жақсылық қатысып, 2-ші орынды иеленіп келді. Жас талант арнайы дипломмен және статуеткамен марапатталса, оның өнердегі ұстазы Жанерке Сәрсенбаева да "Үздік педагог" дипломымен марапатталды.

— Мен қобыз аспабымен "Аспапта орындау" номинациясы бойынша қатысқан едім. Еліміздің әр өңірінен қатысқан қырыққа жуық баланың ішінен екінші орынды иелендім. Әрине, бұл менің ғана жүлдем емес, біріншіден, өнердегі ұстазым Жанерке Нағымжанқызының, екіншіден, шығармашылық үйінің жемісі. Айтпақшы, сол байқауда шығармашылық үйінің директоры Нұрсұлтан Шүленов те арнайы Алғыс хатпен марапатталды, — дейді Обаған орта мектебінің 8 сынып оқушысы Гүлбаһрам Жақсылық.

"Тамаша-шоу" байқауы

Хамитбек
МҰСАБАЕВ

Аманкелді ауданындағы ең үздік әрі ең жаңашыл оқу орны саналатын Б.Қолдасбаев атындағы орта мектепте мектепшілік "Тамаша-шоу" сайысы өтті. Сайыста әр сыныптың әзілкеш балалары әртүрлі жанрда қойылымдар қойды. Атап айтсақ: "Өнерлі сынып", "Менің жанұям", "Аялдама", "Аурухана", "Айтуға оңай" сынды жақсы интермедиялар көрсетіліп, қызықты пародиялар орындалып, мюзикл жанрлары да қамтылды.

"Тамаша-шоу" әзіл көші 20 оқушыдан құралған тамаша флеш-моб биімен ашылды.

Сайыстың мақсаты — оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу, артистік қабілеттерін ашып, шыңдау және өнерге баулу болып табылады.

"Тамаша-шоу" байқауына қазылық еткен машина тану пәнінің мұғалімі Жайсан Смағұлұлы, гео-

графия пәнінің мұғалімі Қайрат Жылқыбайұлы, тарих пәнінің мұғалімі Рахым Садуақасовтар әділ төрелік жасады.

Айтулы шоуа көрермендер әдемі көштің куәгерлері болып, күлкіге кенелді.

Сайыс нәтижесінде жүлделі 1-ші орынды — 7 "в" сынып оқушыларынан құралған "Дала қырандары" әзілкештер тобы иеленді.

2-ші орынды — 7 "б" сыныбының "Чемпиондар" тобы мен 5 "б" сыныбының "Кішкентай жұлдыздар" командалары бөлісті. Ал 3-ші орынды — 8 "а" сыныбының "Жеті жұлдыздар" тобы мен 8 "б" сыныбының "Өнер қырандары" тобы еншіледі.

"Тамаша-шоу" сайысы оны тамашалаған көрерменді күлкіге кенелтті. Марқұм қазақ сатирасының сардары Сейіт Кенжеахметұлы айтқандай "Күле білу — өмір, күлдіре білу — өнер, күлкі болу — өлім" екеніне көпшіліктің көзі жетті.

Аманкелді ауданы.

Республикадағы интернет пайдаланушылардың саны бойынша Қостанай облысы екінші орында



* ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша



* «Қостанай таңы» газеті редакциясы» ЖШС социологиялық эмпирикалық зерттеу орталығының мәліметтері бойынша

560-636 жылдар арасында өмір сүрген испан епископы әулие Исидор Севильский интернеттің қамқоршысы саналады. Оны әлем жұртшылығы «Etymologiae» деп аталатын тарихтағы тұңғыш 20-томдық энциклопедияны құрған, орта ғасыр тарихына зор үлес қосқан қайраткер деп есептейді. Ол сәуір айының төртінші жұлдызында қаза тапқан болатын. Сол себепті ғаламның көптеген елдері ғаламтор мерекесін дәл осы күні, яғни әулие Исидор Севильскийге ғибадат ететін күні атап өтеді.

"Балдәуренде"



бақтары жанды

Руслан
ӘЛКЕЕВ

Адам өміріндегі ең қайталанбас сәттердің бірі — балалық шақ. Сондай дәуреннің бал дәмін татып жүрген өнерпаз балаларға арналған "Балдәурен" байқауы өңірде байрағын түрді.

Бұл дәстүрлі ән додасында 16 үміткер қатысып, екі топ бойынша өнер көрсетті. Әсіресе, еңсәлі елімізге арналған әсем әндерді нақышына келтіре орындап, талғампаз тыңдармандарды би өнерімен де баулып, таңқалдыра білді. Бір айта көтерлік жәйт, олардың арасында өзге ұлт өкілдері де болды. Олар мемлекеттік тілді мейлінше меңгергендіктерін паш етіп, Отанға деген отты сезімдерін ән арқылы жеткізді.

Жалпы, киелі сахнада өнер көрсеткен таланттарды төрде отырып, төрелік танытқан төралқа мүшелері таңдап, әділ бағаларын беруге тырысты. Нәтижесінде, кіші топта 3-орынды Фануза Уалиева, 2-орынды Мадина Валиева, 1-орынды Карима Рекенова бағындырды. Сондай-ақ, орта топ бойынша үшіншіні Яна Штеп, екіншіні Анар Кенжегарина, біріншіні Анастасия Каратакенова жеңіп алды.

Жарыс соңында ұйымдастырушылар тарапынан жеңімпаздарға мадақтама қағаздары мен ақшалай сыйлықтар тарту етілді. Сарыкөл ауданы.

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті
редакциясы" ЖШСДиректор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВДиректор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69Директор-бас редактордың
орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42

Социологиялық зерттеу орталығы:

54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергізіз келсе: 39-26-88

Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88

Компьютер орталығы:

54-54-45

Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91

Аманкелдіде: 2-17-40

Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02

Рудныйда: 5-57-60

Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,

Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А — ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайский Дом печати" ЖШС баспаханасы.

Мекенжайы: Майлин көшесі, 2/3.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11413. Тапсырыс 463. Нөмірдің кезекші редакторлары: Айтолқын АЙҚАДАМОВА, Әлібек ИБРАЕВ.